



27 қазан, бейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

2 Әйелдер 61 жастан зейнетке шығады

3 Мерекеде 55 сәби дүниеге келді

4 Балықшының баласы

6 Маржаны Сырдың Шиелі

ПРЕЗИДЕНТ



СЕНАТ ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаевты қабылдады.

Президентке Сенаттың еліміздегі реформаларды заңнамалық тұрғыда қамтамасыз ету жөніндегі жұмысы туралы баяндалды. Атап айтқанда, Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің, Конституциялық Сот-

тың, Прокуратураның қызметін реттейтін конституциялық заңдардың жобалары туралы сөз қозғалды.

Сонымен қатар Президентке қазіргі уақытта сенаторлардың қарауында қаңтар оқиғасына қатысқан кейбір азаматтарға рақымшылық жасау туралы заң жобасы мен үш жылға арналған республикалық бюджет жобасы жатқаны жөнінде мәлімет берілді. Мәулен Әшімбаевтың айтуынша, Мемлекет басшысының өңірлерді одан әрі да-

мытуға бағытталған тапсырмаларының іске асырылуын қамтамасыз ету – Палата жұмысының негізгі басымдықтарының бірі.

Кездесу барысында Президент Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің идеялары мен қорытынды құжатын одан әрі ілгерілету және форумды дамытудың 2023-2033 жылдарға арналған тұжырымдамасын әзірлеу жөнінде тапсырма берді.

ТОҒЫЗ АЙДЫҢ ЕСЕБІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеевті қабылдады.

Президентке ауыл шаруашылығы саласын дамытудың биылғы 9 айдағы негізгі қорытындылары туралы есеп берілді. Министрдің айтуынша, жалпы өнім көлемі 6,9 пайызға артып, 6,8 триллион теңгеге жеткен. 21,8 миллион тонна дәнді және бұршақты

дақылдар жиналды. Бұл – соңғы 10 жылдағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі. Сондай-ақ еліміз тұтынуға қажетті ауыл шаруашылығы өнімдерінің барлық негізгі түрі бойынша толық қамтамасыз етілген.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа тапсырмаларының орындалу нәтижесі туралы мәлімет берілді. Атап айтқанда, мемлекетке 5 миллион гектардан астам жер мерзімінен бұрын қайтарылды. Бұл жерлер негізінен жайылым тапшылығы мәселелерін шешуге беріледі. Сонымен қатар жүргізілген

тексерулердің нәтижесінде жер пайдаланушылар бұған дейін бос жатқан 1,8 миллион гектар жерді игеруге кірісті.

Бұдан бөлек, Президентке ветеринария жүйесін реформалау үшін қабылданған кешенді шаралар туралы баяндалды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы аграрлық секторды цифрландыру және субсидиялау механизмін жетілдіру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді мемлекеттік қолдау шараларын күшейту жөнінде бірқатар міндет жүктеті.

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ АКЦИЯ

БІР ТУДЫҢ АСТЫНДА



Биыл қазақ халқы ұлттық мереке – Республика күнімен қайта қауышқанын білеміз. Мерейлі сәтті атап өту бағытында көптеген ауқымды шаралар жүзеге асты. Солардың бірі – «Бір тудың астында» атты жалпыұлттық патриоттар акциясы. 25 қазан күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен «Ақорда» резиденциясының алдында Мемлекеттік ту көтеру рәсімі өтті. Сырбойлықтар да өнегелі бастамаға өз үнін қосып, мерейлі мерекенің жоғары деңгейде өтуіне атсалысты. «Реміздер алаңында» облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Мемлекеттік Ту көтеріліп, Әнұран орындалды.



публикасының мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданды. Бұл декларация – Тәуелсіздіктің алғашқы баспалдағы болды. Ұлттық мөні бар бұл құжаттың Кеңес одағынан түпкілікті қол үзбеген сәтте қабылдануы – азаттығымызға ұмтылған батыл қадам еді. Ұлтты ұйыстырған ұлттық мереке күні, Елордамыз Астанада Президентіміздің қатысуымен Мемлекеттік Туымыз көтеріліп, Гимн орындалуда. Осындай жалпыұлттық патриоттық акция еліміздің барлық аймағында өтуде. Бұған біздің сырбойлықтар да өз үнін қосуда. Қасиетті де киелі Сыр өңірі өркендеп, қарыштап, дами бергей! Тәуелсіздігіміздің тұғыры нық, еліміздің енесі биік, халқымыз аман болғай, – деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы тарихи мәні терең, идеологиялық жүгі жоғары мерейлі мерекеде біршама жағымды жаңалықты бөлісті. Облыс әкімінің айтуынша, ай-

мақта бірқатар жаңа әлеуметтік, кәсіпкерлік нысан пайдалануға берілген. Оған қоса, ел дамуына ерекше үлес қосқан жандардың мемлекеттік наградамиен марапатталғанын айтып, азаматтардың еңбегін көпке үлгі етті.

Сондай-ақ, іс-шара барысында мемлекеттік органдарға жаңадан жұмысқа қабылданған қызметкерлердің салтанатты түрде ант беру сәтіне куә болдық. Ал өнерпаздар патриоттық тақырыптағы ән орындап, қала тұрғындарының көңілін серпілті. Жиын соңы 25 көліктен тұратын автошерумен аяқталды. Әрбір автокөлікте еліміздің көк байрағы желбіреді.

Орайы келгенде айта кетейік, өңірде Республика күні аясында көптеген мәдени іс-шаралар ұйымдастырылып, қала, аудандарда түрлі әлеуметтік жаңа спорттық нысан пайдалануға берілді. Оның ішінде 80 спорт-ойын алаңы, 40 автобус, «Оқушылар үйі» мен жаңа балабақша бар.

Сб Ақтілек БІТІМБАЙ, «Сыр бойы»

Акцияға 2 мыңнан астам тұрғын қатысып, жиынның тарихи мәнін арттырды. Сонымен қатар, мерейлі сәтке құқық қорғау органдарының мамандары, мемлекеттік қызметшілер, ҰЕҰ өкілдері мен белсенді жастар қатысты.

Аймақ басшысы елордала бастау алған патриоттық акция Сыр елінде қолдау тапқанын атап өтіп, мерекелік лебізін жеткізді.

– Республика күні әлем елдері үшін айрықша мереке болып саналады және көбінесе ұлттық мереке ретінде бекітілген. Бізде де 1990 жылы қазан айының 25-і күні Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Жоғарғы Кеңесінің шешімімен «Қазақ Кеңестік Социалистік Рес-

БӘРЕКЕЛДІ!

ӘСЕЛ СЕРІКБАЙ «ГРОССМЕЙСТЕР» АТАҒЫН ҚОРҒАДЫ

Жуырда шахматтан 20 жасқа дейінгі жастар арасында өткен Әлем чемпионатының күміс жүлдегері Әсел Серікбайды жерлестері кеше Қорқыт ата әуежайында салтанатты түрде күтіп алды.

Қызылордалық шахматшы Италияның Сардиния қаласында өткен Әлем чемпионатында күміс жүлдегер атанып, облыс тарихында тұңғыш рет гроссмейстер атағын қорғап қайтты.

Салтанатты күтіп алу шарасына облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов, облыстық мәдениет және спорт басқармасының басшысы Руслан Рүстемов, спортшылар, жастар және туған-туыстары мен әріптестері қатысты.

Шахмат ойыны шыдамдылықты, жауапкершілікті, ыждағаттылықты қажет етеді. Осындай талабы қатаң спорт түрінен облыс спортшылары жоғары табыстарды бағындырып келеді. Әселдің жеңісі – ортақ жетістігіміз. Ол қазірге дейін ел біріншілігінде 17 рет жеңімпаз атанса, 3 дүркін Әлем чемпионы болды. Оған қоса 7 мәрте Азия чемпионатында топ жарды. Ал жақында Италияда өткен Әлем чемпионатында күміс медальға қол жеткізді. Қуанарлығы, Әсел елімізде тоғызыншы, облыста алғашқы болып «гроссмейстер» атағын иемденді. Біз әлем біріншілігінде ел абыройын асқақтатқан нәзік те қайсар қызымызды мақтан тұтамыз, – деді Нұрымбет Аманұлы.

Сондай-ақ, облыс әкімінің орынбасары алдағы қараша айында өтетін Азия чемпионатында Әсел Серікбай мен тағы бір жерлесіміз Назерке Нұрғалиға сәттілік тіледі.

Көпшілік алдында Әсел Серікбай өзіне қолдау көрсеткен барша азаматтарға ризашылығын білдірді. –Қуанышты ортақтасып келгендеріңіз үшін рақмет айтамын. Еліміз үшін маңызды мереке – Республика күні қарсаңында сіздерге жеңіс сыйлағаным үшін өте қуаныштымын. Алдағы уақытта жоғары табыстарға қол жеткізуге күш саламын, – деді ол.

«СБ» ақпарат

ӨНІР ӨНІМІ

«АРУАНАНЫҢ» ҚОСПАСЫЗ ӨНІМІ

Берекенің тоғызы кәсіпте екенін білген жандар бүгінде өз кәсібін дөңгелентуде. Әрине, бәрі бірден оп-оңай бола салмайтынын білді. Біле тұра тәуекелге бел буып, небір қиындықтан өткендері ғана қазір тынымсыз еңбектің дәмін татуда.

Сб Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

«Ас – адамның арқауы. Оны дайындауда ең әуелі тазалық болса, берекелі тірлік болады. Ал береке бар жерде ауызбіршілік артады. Соның арқасында сапалы өнім шығады» дейді кәсіпкер Қуат Шакиздаулы. Қарапайым қағиданы ұстанған ол табысты кәсіпкер болудың бар құпиясы осында екенін айтады.

Осыдан үш жыл бұрын серіктесі Қайрат Боранбаев екеуі «Аруана-Агролидер» жеке шаруашылығын құрады. Серіктестіктің негізгі бағыты – ірі кара мал өсіру, қой етін өңдеу, консервілеу, сүт өнімдерін

өңдеуден тұрады. Сонымен бірге сәбіз, асқабақ шырыны мен балаларға арналған езбе дайындап шығарады.

Отыз жылдан астам бас технолог болып жұмыс істеген кәсіпкер бұл саланың барлық сатысынан өткен. Ауыл шаруашылығы саласы өнімдерін өңдеумен айналысатын шаруашылықта 18 түрлі тауар түрін табуға болады. Қай өнімін алып қарасаңыз да, ешқандай қоспасыз, табиғи тәсілмен әзірленген.

– Ет және сүт өңдеу саласында инженер-технолог болып еңбек еткеніме отыз жылдан асты. Еліміздің төрт облысында ет комбинаттарында бас технолог болып жұмыс істедім. Бастапқыда осы кәсіпті ашқанымызда көп қиындықтар болды. Бірақ барлығына төтеп беріп, бүгінде сапалы өнім шығаратын кәсіпорынға айналдық. Цехта 8 адам еңбек етеді. Жылына 18 түрлі өнімнен 10 мың дана өндіреміз. Асқабақ, сәбіз шырынын республикада тек біз ғана шығарудамыз. Сондықтан оның өтімділігі жақсы. Балалар тағамын да дайындаймыз. Олар езбе түрінде шығарылады. Шығаратын өнімдердің 5-уі – балалар тағамы. Сонымен қатар, қызанактан



шырын, кетчуп өндіруді жоспарлап отырмыз. Шұбат өнімін ұзақ мерзімге сақтау технологиясын енгізбекпіз. Негізгі шаббаттың сақталу мерзімі 72 сағат, яғни үш күн. Біз оны бір жылға дейін ұзартамыз ба деген ниетіміз бар. Оның сапасын жоймай сақтауға болатынын үлгі есебінде шығарып жатырмыз, – дейді Қуат Шакиздаев.

Ресейдің «Фруто няня», «Агуша» секілді шырын, езбелерінен гөрі өз жерімізден шыққан табиғи «Кеусен» сауда маркасымен әзірленген балалар тағамы – әлдеқайда сапалы

әрі қоспасыз өнім. Жергілікті өнімді тұрғындар қаламыздағы «Қызылорда оптомаркеті», «Аль-Асад» және «Ажар Сіту» сауда орталықтарынан таба алады.

Қай істің көзін таба болсаң, оның өнімділігі де жоғары болмақ. Өз мамандығын шексіз сүйетін жан ғана сол салада биіктерді бағындыратыны анық. Шаруашылық жұмысы алдағы уақытта күршіті терең өңдеу технологиясын игеріп, одан ұн, вафли, печенье, макарон өнімдерін шығаруды жоспарлауда.





25 қазан РЕСПУБЛИКА КҮНІ

Республика күні мерекесі әр өңірде түрлі сипаттағы іс-шаралармен айықталуда.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың Ұлттық мерекенің мән-маңызын жоғары деңгейде атап өту туралы тапсырмасы аясында Байқоңыр қаласында тұратын азаматтар үшін де түрлі іс-шаралар өткізілді. Салтанатты түрде Ту көтеру рәсімі болып, спорттық сайыстар мен мәдени-көпшілік концерт жұртшылыққа көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Мерейлі сәтте ҚР Парламентінің Сенаторлары, мәнорлеп сырғанаудан танымал қазақстандық спортшылар, Қызылорда облысының

РЕСЕЙЛІК ҒАРЫШКЕРЛЕР ҚҰТТЫҚТАДЫ



шығармашылық ұжымдары бай-Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнайы өкілдігінің бас-тамасымен халықаралық ғарыш стан-циясында жұмыс істейтін ресейлік ғарышкерлердің мерекелік құттықтауы ұйымдастырылды.

Станцияда ұзақ мерзімді 68-ші экспедицияның экипажы Сергей Прокопьев, Анна Кикина және Дмитрий Петелин Қазақстанның ғарыштан қаншалықты әдемі екендігі туралы айтып, ғарышкерлерді шығарып салып, қарсы алған қазақ жерінің қонақжайлылығын, Ресей мен Қазақстанның ғарыштағы ынтымақтастығын атап өтіп, бауырлас елге сәттілік тіледі.

XFC-68 экипажы Байқоңыр ғарыш айлағынан 2022 жылдың 21 қыркүйегінде ұшырылған және ол орбитада алты айдан астам жұмыс істейтін болады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Күрметті Әлихан Асханұлы!

Кезінде су көлемі жағынан әлемде төртінші орында тұрған Арал – Сырдария мен Өмүдария өзендерінің суын шектен тыс көп пайдаланудың нәтижесінде айналдырған жарты ғасырдың ішінде 10 пайызға ғана қалып, теңіз аумағының төрттен үшіннің қысқаруына әкеп соқтырды. Арал трагедиясы кезінде БҰҰ мінберінде де көтеріліп «Арал теңізінің жойылуы тек Орталық Азия өңіріне ғана емес, бүкіл әлемге қауіпті мәселе» екендігі ашық айтылған болатын. 2005 жылы «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Солтүстік Аралды құтқару» жобасы аясында Кіші Аралды сақтап қалу үшін «Ғасыр жобасы» атанған ұзындығы 13 шақырым болатын «Көкарал» бөгеті салынды. «Көкарал» бөгетінің арқасында Кіші теңіз суы біршама молайып теңізге балық толып, өңір тұрғындарының әлауқаты жақсарды, ең бастысы экологиялық ахуал жақсара бастады. «Көкарал» бөгеті – табаны құрғап кеткен теңіз бен Кіші Аралдың арасына салынып, ол артық суды құрғаған теңізге ағызып, қалған уақытта кіші теңіздің суын ұстап тұратын ерекше бөгет. Бұл құрылысқа республикалық бюджеттің де, Дүние жүзілік банктардың қаржысы да тартылды.

2017 жылы қазан айында Су ресурстары комитетімен гидротехникалық құрылыстарды зерттеу жөніндегі құрылған комиссия «Көкарал» бөгетінің су тастау құрылысының оң жақ жағажай еністігі сумен шайылып, зақымдалғанын анықтады. Бұл мәселе бойынша 2019 жылы 14 мамырда Қызылорда облысына жасаған жұмыс сапары барысында ел Президенті Қ.Тоқаев Үкіметке және Қызылорда облысының әкіміне Кіші Аралды сақтап қалу бойынша шұғыл шаралар қабылдау туралы тапсырған болатын. Сонымен қатар Сенат төрағасы М.Әшімбаев үстіміздегі жылдың мамыр айында Сенат отырысында: «Бүгінде «Көкарал» бөгетінің 200 метрі шайылып кеткен. Сондықтан да біз тез арада күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін қаржы бөлуіміз керек. Келесі жылдың бюджетін қарағанда осы жұмысқа тиесілі соманы толық беруге тырысайық» деп Үкімет, оның ішінде Қаржы министрлігіне шегелеп айтқан еді.

Осыған байланысты республикалық бюджет есебінен осы жобаның металдық құжаттамасы дайындалып, ағымдағы жылдың тамыз айында мемлекеттік сараптамадан оң қорытындысы алынды. Жобаның құны 4 млрд 582 млн теңгені құрайды. Үстіміздегі жылы қыркүйек айында республикалық бюджеттік комиссияның отырысында Су ресурстары комитетінің бюджетін қайта бағыттау есебінен жобаны іске асыруды бастауға Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне 500 млн теңге бөлінді. Алайда, 2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджетте осы жобаны қаржыландыруға қаржы қарастырылмаған. Президенттің «Көкарал» бөгетін нығайтуға қатысты берілген тапсырмасы ескерусіз қалған.

Осыған байланысты, Күрметті Әлихан Асханұлы, жобаның ауқымдылығы мен маңыздылығын ескере отырып, 2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджет шенберінде жоба бойынша құрылыс жұмыстарын аяқтауға қалған 4 млрд 080 млн теңге бөлінуін қамтамасыз етуіңізді сұраймыз. Қазір Сырдария өзенінен кіші теңізге түсіп жатқан судың аздығы құрылыс жұмысын барынша жеңілдетеді және қаржы үнемдеуге ықпал етеді. Егер «Көкарал» бөгетін сақтай алмасақ 27 млрд текше метр су көлемі бар Кіші Арал теңізінен айрылып, экологиялық апат орын алатыны сөзсіз.

Күрметпен, М.БАҚТИЯРҰЛЫ Д. НҰРЖІПТОВА ҚР Парламенті Сенатының депутаты

ӘЙЕЛДЕР 61 ЖАСТАН ЗЕЙНЕТКЕ ШЫҒАДЫ

Жолдауды іске асыру тұрғысында депутаттар заң жобасы аясында әлеуметтік блокқа қатысты тиісті түзетулер енгізді деп хабарлайды ҚазАқпарат.

Осы орайда бала күтімі бойынша төлемдерді тағайындау кезеңінің ұзақтығын 1,5 жасқа дейін ұлғайту, ең төмен базалық зейнетақы мөлшерін ең төмен күнкөріс деңгейінен 70%-ға дейін, ең жоғары базалық зейнетақы мөлшерін 120%-ға дейін дейекті түрде жеткізу, әйелдер үшін зейнеткерлікке шығу жасын 2028 жылға дейін 61 жас деңгейінде бекіту, сондай-ақ жасына байланысты зейнетақы төлемдерін есептеу үшін табыс шегін 46 еселенген айлық есептік көрсеткіштен 55 еселенген деңгейге дейін ұлғайту ескерілген.

Айта кетейік, биыл қыркүйек айындағы Жолдауда әйелдердің зейнет жасын 2028 жылға дейін 61 жас деңгейінде қалдыру туралы тапсырма берілді.

ТҮЗЕТУ

Газетіміздің 23 қазан күнгі №160-161 санында жарияланған ҚР Президентінің Жарлығын марапатталғандар тізімінде «Қызылорда облысының Күрмет грамотасымен нағратталады» деген Байқоңыр қалалық мемлекеттік мүлік және жекешендіру департаментінің басшысы Қалин Ерлан Піртзаулына берілген марапат «Күрмет» орденімен нағратталады» деп түзетіліп оқылсын.

КӘСІПОРЫНДАР ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



Сенаттың Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің депутаттары Қызылорда облысында болды. Сенаторлар сапардың бірінші күні жерасты қатпарынан мұнай өндіретін кең орнында болып, «САУТС-ОИЛ» ЖШС қызметкерлерімен кездесті.

– Биылғы маусым айында Парламентте көмірсутегінің дәстүрлі емес түрлерін, оның ішінде тактатас асты мұнайын барлау мен игерудің заманалық негізін қамтамасыз ететін түзетулер қабылданды. Сондықтан осы саладағы заманалық ережелерді іс жүзінде жүзеге асыру маңызды болып отыр, – деді депутат Ерік Сұлтанов.

Компания өкілдері сенаторларды тактатас мұнайын өндірудің келешегі, барлау, бұрғылау, өндіру технологиялары, сондай-ақ кең орнының даму барысы туралы хабарлар етті. Бұл компания қойнауы кенге толы «Қарағасайдағы» тактатас жынысының асты мұнай мен

газға бай екенін ел тарихында алғаш рет анықтаған болатын.

Келесі күні сенаторлар Байқоңыр қаласында болып, «Зенит» зымыран тасығышының монтаждау-сынау, ұшыру кешендерін, «Байқоңыр» ғарыш айлағы музейін аралады.

Сондай-ақ, Қызылорда қаласындағы «Orda School» мектебінің жұмысымен танысты. Оқу орны барлық білім беру стандарттарына сәйкес салынғаны және заманауи технологиялық жабдықтармен қамтылғаны туралы хабарлар болды. Сенаторлар білім беру саласын дамытуға баса назар аударылатынын атап өтіп, еліміздегі осы саланы дамытудың ерекшелігі мен маңызына тоқталды.

Бұдан бөлек, депутаттар Н.Лиясов ауылында болып, Сырдария ауданының кәсіпкерлерімен кездесті. «Гезуба Шиелі Цемент компаниясы» ЖШС цемент зауыты жұмысымен танысты.

«СБ» ақпарат

«ЗАҢ КЕРУЕНІНІҢ» САПАРЫ

Облыстық прокуратура бастамасымен өңірдегі барлық елді мекендерді қамтитын «Заң керуені» акциясы өтуде. Басты мақсаты – барлық аудан, ауылдарға барып, тұрғындармен кездесуде сауалдарға жауап беріп, өтініштерін қадап, құқықтық көмек көрсету. Кездесулерде әлеуметтік нысандардың, ауыл (көше) аралы арқылы елді мекен тұрғындарының жалпы жағдайы зерделенді.

Прокуратура және өзге де уәкілетті органдар қызметкерлерінен құралған мобильді топтар кент және ауылдық округтерді аралап, тұрғындар сұрақтарына жауап берді. Қабылдауда проблемалар көтеріліп, оның біразы шешімін тапты. Мысалы, Сырдария ауданында қабылдауда болған көпбалалы ана Қ.Ишанбек жолдасы Қ.Оспанова зәбір көрсеткен азаматтарға қатысты қозғалған қылмыстық іс төңірегінде толық жауап алды. Облыс прокуратурының орынбасары Б.Мырзабаев бұл қылмыстық іс жеке бақылауында болатынын жеткізді.

Жанакорған ауданына қарасты Қыркесек ауылдық округі тұрғындарымен шаруа қожалықтарының иелігіне берілген 20 пайыз жер үлесін қайтару мәселесі талқыланып, құқықтық көмек көрсетілді. Бұған байланысты облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына талап арыз беріліп, қаралу сатысында.

Тағы бір мысал, Байкенте ауылдық округі тұрғындарының ауылдағы 4 көшені жөндеу мәселесі жиын барысында шешілді. Кездесуде ауылдағы мектеп құрылысы да сөз болды. Ауыл мектебінің құрылысын жүргізу және мектеп оқушыларына жетпейтін орындықтарды сатып алу үшін қаражат бөлу мәселесі талқыланып, құқықтық көмек көрсетілді. Атап айтқанда, мектеп құрылысы 2023 жылы басталатыны, оны салу үшін барлық құжаттың дайын және облыстық бюджеттен келесі жылы қаржы бөлінетіні түсіндірілді.

Ақция аясында Арал ауданы тұрғындары тарапынан бірнеше мәселе көтерілді. Спортсүйер қауымының сұрауы бойынша Арал ауданының олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінен ауыр атлетика жаттықтырушысы штаты ашылатын болады. Осы спорт мектебінің жаттықтырушысы Н.Сариевті зейнет жасына келуіне байланысты зейнеткерлікке шығармай, еңбек шартын 1 жылға созулы сұрағандардың өтініші қанағаттандырылды.

Ал Қармақшы ауданында, «Жосалы – Қызылорда» бағытына қатынайтын такси көліктерінің кәсіпкер ретінде тіркелуі және медициналық тексеруден өту мәселесі қозғалды. Бұл сауал бойынша аудандық кірістер басқармасына аталған такси көліктерінің қызмет көрсету жағдайына талдау жасап, тіркелмей кәсіпкерлікпен айна-

лысып жүргендерді анықтап, оларды тіркеуге алуға шара қолдану тапсырылды. Аудандық әкімдікке (кәсіпкерлік бөліміне) кәсіпкерлердің күнделікті медициналық тексеруден өтуін үйлестіру және автовокзал ғимаратының иесіне осыған жағдай жасау жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізу тапсырылды.

Келесі мәселе – Жосалы кенті маңындағы «Бодан» қорымы қоршауларының бұзылуы. Қазіргі уақытта аудандық полиция бөлімі тиісті тексеру жұмыстарын жүргізуде. Қандай да бір қылмыс белгілері бар фактілер анықталса тергеп-тексерудің бірыңғай тізліміне тіркеледі.

Шиелі ауданына «Заң керуені» акциясы тобын бастап барған облыс прокуратурының бірінші орынбасары И.Төлегенов шағмы бар тұрғындарды жеке қабылдап, біразының көтерген мәселелері оң шешімін тапты. Ақтоған ауылдық округінің тұрғыны А.Дінбай көтерген «Дос Шын Жар» шаруа қожалығының жер мәселесі бақылауға алынғаны, осы дауға қатысты қазір сот процесі нәтижесінде құқықтық баға берілетіні айтылды.

Тұрсынбай датқа ауылы тұрғыны Е.Махамбетов елді мекен тұрғындарының 3 СНП насос алып беруге ықпал жасау туралы өтінішіне орай ауыл әкімімен бірлесіп, тез арада тиісті шаралар қабылданатыны айтылды. Майлытоғай ауылдық округінің тұрғыны П.Сәрсенбаевтың «Итаяқ» көліне баратын су жолдарын тазарту мәселесі бойынша аудандық және облыстық су шаруашылығының басшыларына нақты тапсырма берілді. Шиелі кентінің тұрғыны Б.Баржиковтың жекеменшік жер телімінің бөтен біреудің меншігіне заңсыз берілгені туралы мәселесі талқыланып, аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы Е.Меңдібековке тиісті тапсырмалар берілді. Керелді ауылдық округінің тұрғыны Ә.Байжанованың, Шиелі кенті тұрғыны А.Жұмбаеваның тұрақты жұмысқа орналастыру туралы өтінішін аудандық жұмыспен қамту әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің және Шиелі ауданы бойынша білім бөлімі басшылары есепке алып, тиісті жұмыстар атқару тапсырылды.

Мобильдік топтар әлі де ауыл-ауылды аралауда. Құзырлы орган өкілдерімен кездесе алмағандар болса, арыз шағымдарыңызды prokuratura.kyzylorda@list.ru электронды поштасына жолдауға немесе +7 777 220 11 92 сөнім телефонна хабарласып, жеткізуге болады.

Қажет болған жағдайда анонимдік құқығыңыз толық сақталады.

Қызылорда облысының прокуратурасы

Облыста 2020-2021 жылдары тұрғын үй құрылысына бюджеттен 28,1 млрд теңге қаржы бөлініп, 934 пәтерлік 128 үй пайдалануға берілген. Биыл 628,7 мың шаршы метр тұрғын үй беріледі деп жоспарлануда. Алайда олардың сапасы көпшіліктің сынына жиі ұшырап жатады. Облыстық қоғамдық кеңестің кезекті отырысында осы өзекті мәселелер қаралды. Мұнан өзге де тақырыптар кеңес мүшелерінің талқысына түсті. Оның жұмысына облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов қатысты.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

ҚҰРЫЛЫСТЫҢ БАСТЫ ШАРТЫ – САПА

2020-2022 жылдардағы әлеуметтік нысандар мен жол құрылысының жүргізілуі барысы және сапасы жайлы облыстық қоғамдық кеңестің құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрайымы Ләззат Бақтыбаева сараптамалық талдауын ұсынды.

– Құрылыс жұмыстарының сапасы ең бірінші кезекте жоба-сметалық құжаттаманың заңға сәйкес және сапалы жасалуына байланысты. Мысалы, қаладағы 600 орындық мектеп құрылысын жүргізу кезінде жоба-сметалық құжаттама бойынша жоба авторы жіберген қателіктерді тапсырыс беруші немесе мемлекеттік сараптама жасаған маман анықтамаған.

Жүргізілген мониторинг барысында алынған жабдықтар сапасының төмендігі, бала денсаулығына қауіпті тұстары белгілі болды, – деді ол. Бір ғана білім беру мекемесінің құрылысынан бірнеше кемшілік анықтаған кеңес мүшелері құзырлы органға хат жолданғанын, қазір қылмыстық іс тергелуде екенін жеткізді.

Құрылыс саласында мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруда да заңды өрескел бұзу фактілеріне жол берілген. Мәселен, 200 төсектік технологиялық жабдығы бар тез тұрғызылатын модульді аурухана тауарын сатып алуда бірнеше қағидалар бұзылған.

Қазір мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында біраз жоба іске асуда. Алайда осы нысандардың құрылысы «ҚР Саулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңның 33-бабы 6-тармағына сәйкес авторлық, техникалық қадағалауға жатпайды. Сондай-ақ, осы заңға сәйкес жоба-сметалық құжаттамаларға сараптама міндетті емес. Л.Бақтыбаеваның айтуынша, бұл – оқушылар мен пациенттер өміріне қауіпті. Сондықтан заңға жеке әріптестердің меншікті қаражаты есебінен салынатын нысандардың нысаналы мақсатына қарай адамдар көп шоғырланатын ғимарат құрылысы кезінде оның неше қабат екеніне қарамастан, авторлық, техникалық қадағалауды қатыстыру және ЖСҚ-ға кешенді сараптама өткізуді міндетті қылып енгізу қажет деп санайды.

Баяндамашы «Әділдікті талап ет» акциясы кезінде автожолдарға қатысты бірқатар проблемаларға тап болғанын да жазырмалы. Мәселен, жол жөндеу жұмыстарын жоспарлауда мекемелер басқа мүдделі органдармен, коммуналдық қызмет көрсететін орындармен келіспейді. Соның нәтижесінде жол салынып не жөнделіп болғаннан кейін қазылған орындар қайта қалпына келтірілмейді, асфальт үгітіліп деформацияланады.

Құрылыс саласындағы жыл сайын қайталанатын беретін республикалық ауқымдағы мәселе ол – битум. Маусым кезінде битум зауыттары жоспарлы жөндеуге тоқтап қалады. Бұл мәселеге орай

қоғамдық кеңес мүшелері орталық атқарушы орган жыл басында зауыттардың өнім шығару мүмкіндігін ескеріп, өңірлер бойынша лимитті бекітіп, сол арқылы жол құрылысын жоспарлау қажет деп есептейді.

Кеңес отырысында облыстағы құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласында 2020-2022 жылдарда атқарылған, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар туралы Ерлан Төрәлиев баяндады.

Биыл 17 әлеуметтік нысанды аяқтау жоспарлануда, қалған 10 нысан келер жылға өтпелі. Өткен 9 айдың қорытындысы бойынша 7 нысан пайдалануға берілген. Жыл басынан барлығы 1764 пәтерді құрайтын 32 тұрғын үй құрылысы жүргізілуде. Олар – 10 сатып алу құқығынсыз арендалық және 22 кредиттік тұрғын үй. Жыл соңына дейін 1294 пәтері бар 22 тұрғын үй құрылысын пайдалануға беру жоспарлануда.

– Құрылыс саласына кейінгі жылдары құқық қорғау органдары тарапынан тексерулер артқан. Басқарма бойынша 3 сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталды. Айталық, құрылыс кезінде ай сайын орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстары үшін орындалған жұмыстар актісі мердігер, авторлық қадағалаушы, техникалық қадағалаушы және басқарманың жауапты маманы қол қойып, қаржы аударылып отырады. Алайда көп жағдайда, тапсырыс берушінің жауапты маманы орындалған жұмыстар актісіне құрылыс объектісіне бармай, тек техникалық және авторлық қадағалаушының орындалған жұмысты растауын басшылыққа алып қол қоюға мәжбүр болады. Осылайша сыбайлас жемқорлық тәуекеліне жол берілуі мүмкін. Себебі басқарманың құрылыс бөлімінде бүгінде 2 мемлекеттік қызметші жұмыс жасайды. Олардың орындалған жұмыс актісіне ай сайын қол қою алдында барлығының басына барып, қадағалауға мүмкіндігі жоқ, – дейді басқарма басшысы.

Мұнан соң қоғамдық кеңестердің III республикалық мәжілісіне қатысқан Нұрлан Көптілеутегі басқосу туралы ой бөлісті. Елордада өткен іс-шараға барлық өңірден 258 делегат барған.

– Республикалық мәжілісте қоғамдық кеңестердің қызметін бағалау жүйесін құру, қызметін өзгерту, қоғамдық тыңдауларға қатысу арқылы азаматтарды талқылауға және шешім қабылдауға қалай тартуға болады деген мәселелер көтеріліп, талқылаулар мен семинар-тренингтер ұйымдастырылды. Ауқымды тақырыптарды талқылаған пленарлық отырыстың қоғамдық кеңестер жұмысын үйлестіруде, дамытуда маңызы зор, – деді ол.

Кеңес отырысында қаралған мәселелер бойынша бірқатар ұсыныстар берілді.

Мерекеде 55 сәби дүниеге келді

Облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов пен облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов облыстық перинаталдық орталықта болып, Республика күні өмірге перзент әкелген аналарды құттықтады.

– Біз үшін ең бастысы нәрестелер мен аналар денсаулығының мықты болуы. Мереке күні дүниеге келген барлық сәбидің аман-сау, айтулы ел азаматы болып өсуіне



тілектеспін. Қазақтың саны көп болсын! – деген ізгі тілеген білдірген Нұрымбет Аманұлы әрбір анаға жаңа туған сәби күтіміне арналған сыйлық табыстады.

Қазіргі кезде балалар мен аналарының денсаулығы жақсы. Мереке күні туған аналарды құттықтау шарасы аудандарда да жалғасуда.

Айта кетейік, «Республика күнінде» бір тәулікте облыс бойынша барлығы 55 сәби дүниеге келсе, оның 38-і – ұл, 17-сі – қыз.

«СБ» ақпарат

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

Өлем жұрты алаңдаған Арал проблемасы бүгінгіңіз өзекті тақырыбына айналды. Өткен қыркүйек айында БҰҰ Бас Ассамблеясының 77-ші сессиясында, қатысушылар назары Арал теңізі мәселелеріне аударылып, Алматыда БҰҰ Өңірлік орталығын құру ұсынылған болатын. Осы орайда облыс әкімдігінде «Арал өңірінің қоршаған ортасы және тұрғындарының денсаулығы» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Сб Биболат СӨТЖАН,
«Сыр бойы»

Арал дағдарысы: Алаңдаушылық басым



Арал теңізі аймағындағы тұрғындардың қоғамдық денсаулығына негізгі экологиялық қатерлерді анықтау, мониторингтеу және жою бойынша ұсыныстар әзірлеуді мақсат еткен жиынға ҚР Парламенті Сенатының депутаты Ақмарал Әлназарова, облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов және халықаралық сарапшылар, елшіліктер, мемлекеттік органдар, халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Конференцияға ҚР Сенатының вице-спикері Аскар Шәкіров, Жапонияның Қазақстан Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі Джун Ямада, Финляндия, Швеция, Венгрия, АҚШ халықаралық ұйымдарының экология және халық денсаулығы проблемалары жөніндегі сарапшылары онлайн қатысты.

Бейнебайланыс арқылы конференция жұмысына сәттілік тілеген Аскар Шәкіров Арал апаты аймақтық та, жаһандық та деңгейде шешуді талап ететін қазіргі заманғы өзекті мәселелердің бірі ретінде БҰҰ-да көтерілгенін атап өтті.

– Қазақстан мен Өзбекстан Арал теңізі бассейніндегі экологиялық және әлеуметтік-экономикалық дағдарысты еңсеруде бірлескен күш-жігер жұмсап келеді. Екі елдің президенттері Арал өңіріндегі өзекті мәселелерді жедел шешуді, трансшекаралық су ресурстарын ұтымды пайдалануды және қоршаған ортаны қорғауды жүйелі түрде айтып отыр. Өтіп жатқан конференцияны біз екі ел, оның ішінде парламенттік байланыстар аясында жүргізіліп жатқан жұмыстардың заңды жалғасы ретінде қарастырамыз, – деді А.Шәкіров.

Сондай-ақ, Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі Сенаты төрағасының орынбасары Содик Сафоев, USAID жобасының жетекшісі Екатерина Стрикелева қатысып, сөз сөйледі.

Конференцияға онлайн қатысқан ДДСҰ-ның Еуропадағы аймақтық бюро директоры Ханс Клюге Сырдария мен Әмудариядағы, Аралды қорғайтын облыстық деңгейдегі атырауларындағы көл жүйелері мен жерасты суларының азаюы да іргелес аймақтарда тұратын халықтың денсаулығы мен экологиялық жағдайына тікелей әсер ететінін атап өтті. Бұған 2008-2010 жылдардағы және одан бұрынғы кезеңдегі халықаралық және отандық

Сенатының депутаты Ақмарал Әлназарова кейінгі жылдары мемлекет тарапынан Қызылорда облысында қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуде елеулі шаралар қолға алынып жатқанына тоқталды. Оларды жүзеге асыру экологиялық жағдайды біршама жақсартуға ықпал етті. Дегенмен, Арал апатының

«Арал өңіріндегі экологиялық апат салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» ҚР Заңында адами және табиғи әлеуетті дамытуға бағытталған шаралар көзделген. Сонымен қатар, апат аймағында зардап шеккен азаматтардың мәртебесі мен әлеуметтік қорғалуы айқындалған.

Сондай-ақ, Айжан Есмағамбетова ҚР Денсаулық сақтау министрлігі қоршаған ортаның жай-күйіне тұрақты негізде санитарлық-эпидемиологиялық мониторинг жүргізіп отырғанын, Арал өңірі халқының денсаулығы нашарлай беретінін атап өтті. Кейінгі 30 жылда халықтың жалпы сырқаттануы 3 еседен астам өскен. Тыныс алу органдары ауруларының деңгейі шамамен бір есе, туа біткен ауытқулардың деңгейі 10 есе өсті.

Өңірдің қалыптасқан экожүйесінің халық денсаулығына әсерін зерделеу, ғылыми зерттеулер жүргізу және нақты жобаларды іске асыру үшін жетекші халықаралық институттардың бірлескен күш-жігері мен ғылыми әлеуетін біріктіруді талап етеді. Климаттық дағдарыс шиеленіскен сайын денсаулыққа осындай жағымсыз салдарлар әлемнің басқа елдерінде де байқалатын болады. 2021 жылы БҰҰ-ға мүше мемлекеттер Арал теңізі экологиялық инновациялар мен технологиялар аймағы деп жариялады. Экологиялық және климаттық дағдарыс жағдайында Арал проблемасын зерттеуге мемлекеттердің инвестицияларын қоршаған ортаны қорғау және халықтың денсаулығын нығайту саласындағы өңірлік қауіпсіздікке жол ашуы мүмкін.

Конференцияға қатысушылар атап өткендей, Арал теңізінің тартылуы қазіргі заманның жаһандық экологиялық апатына әкеліп соқтырды. Кеуіп қалған теңіз түбінің орнында бес миллион гектарға жуық тұзды шөл пайда болды. Оның экожүйеге орны толмас зиянын шамалау үшін мамандар ауаны, топырақты, суды, тамақ өнімдерін тұрақты бақылауда. Жиында Ұлттық сараптама орталығының басқарма төрағасы Ерлан Қиясов ҰСО зертханалары жүргізген өңірдің су қоймаларын, ауасын және топырағын зерттеу нәтижелерін бөлісті.

– 2019-2021 жылдар аралығында біздің орталықтың зертханаларында санитарлық-эпидемиологиялық мониторингтің ашық су қоймаларынан бейорганикалық қосылыстар мөлшерінің шектен асып кеткені анықталды. Сәйкессіздіктің үлес салмағы 31,6%. Ал, микробиологиялық көрсеткіштер бойынша сәйкессіздік 32%-ды құрады, – деді ҰСО басшысы.

Кейінгі үш жылда ауаны зерттеу нәтижелері бойынша күкіртсутек, күйе және қорғасын құрамының артуы жиі анықталды. Ал, топырақта санитарлық-химиялық зерттеулер жүргізу кезінде 0,4 жағдайда қорғасын табылған.

Конференцияда шетелдік және отандық ғалымдар сөз сөйлеп, өз зерттеулерінің нәтижелері мен экологиялық апаттың халық денсаулығына қауіп төндіретіні туралы тұжырымдарын айтып. Сондай-ақ, қоршаған ортаның өзгеруіне байланысты халықтың денсаулығына зиянды факторлардың әсерін болдырмау және жою бойынша шұғыл және ұзақ мерзімді бірқатар іс-шаралар ұсынылды.

Жоғары деңгейде өткен конференция қорытындысы бойынша әзірленген ұсыныстар шешім қабылдау үшін Қазақстан мен Өзбекстан парламенттеріне, басқа да мемлекеттік құрылымдарға жіберіледі.

өңір халқына кері әсері одан әрі ауқымды жұмыстарды жүргізуді қажет етеді. Биылғы сауір айында Сенат жанынан құрылған арнайы комиссия мүшелері өзбекстандық әріптестерімен бірге Арал ауданында болып, Кіші Аралға жақын орналасқан елді мекендерді аралады. Сапарға Халықаралық Аралды құтқару қорының, БҰҰ мен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының өкілдері де қатысты. Сол кезде де Өзбекстан мен Қазақстанның Арал теңізінің қалпына келтіру, оның құрғау салдарларымен күресу және Арал өңіріндегі экологиялық жағдайды жақсарту саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелері талқыланды.

Ақмарал Әлназарова Арал өңіріндегі климаттың әсерін және табиғи ортаның азып-тозуын тоқтату үшін Сырдария өзені мен Солтүстік Арал теңізі сақтау мәселелерін шешуде жалпыға бірдей қабылданған халықаралық конвенциялар мен стандарттарға сәйкес түбегейлі қадам қажеттігін атап өтті.

– Экономиканың барлық салаларында климаттың өзгеруіне бейімделу шараларын қабылдау қажет. Әсіресе ауыл шаруашылығында су үнемдеу технологиясы мен ылғалды аз қажет ететін дақылдарға көшу керек. Таяу жылдарда құрғап қалған теңіз табанына орман өсіру, мал шаруашылығын дамыту үшін ұнғымалардың айналдасында оазис жүйесі жасалуы қажет. БҰҰ қамқорлығы аясында терең зерттеулер жүргізіп, тиісті ұсыныстар әзірленуі керек, – деді сенатор.

Конференцияда ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі – Бас мемлекеттік санитарлық дәрігер Айжан Есмағамбетова Арал апатының халық денсаулығына теріс әсері туралы баяндады.

– Арал өңірі проблемасын БҰҰ өзінің салдарымен Орталық Азия мен планетаның басқа да өңірлерін қозғайтын жаһандық деңгейдегі проблема деп таныды. Оны шешу үшін халықаралық қоғамдастықтың күш-жігерін жұмылдыру қажет, – деді ол.

Өңірдің проблемаларын шешудегі Қазақстанның тәсілдері туралы айта келе, вице-министр жиынға қатысушыларды Арал өңірі халқының денсаулығын сақтау және нығайту бойынша қабылданып жатқан заңнамалық бастамалар туралы хабардар етті. Мәселен,

Аудан жаңалықтары

«Кәсіпкерлер үйі» ашылды

Арал. Республика күні және Арал қаласының 95 жылдығы аясында аудан орталығында «Кәсіпкерлер үйі» ашылды.

Жаңа нысанның ашылу салтанатына аудан әкімі Серік Сермағамбетов қатысып, көпшілікті ұлттық мерекемен құттықтады. Сонымен бірге өңірдегі кәсіпкерлік саласындағы оң өзгерістерге тоқталды. Жаңа орталықта шағын және орта бизнес субъектілері үшін қажетті кеңестер беріледі. Бұл жерде кәсіпкерге өзінің бизнес идеясы мен бастамасын жүзеге асыру үшін барлық жағдай жасалған.

Тартысты турнир

Қазалы. Республика күніне орай волейболдан мемлекеттік қызметшілер мен құқық қорғау органы қызметкерлерінің арасында аудандық жарыс өтті. Жарысқа 7 команда қатысты.

Әйтеке би кентіндегі спорт кешенінде ұйымдастырылған жарыстың ашылу салтанатына аудан әкімі Мұхтар Оразбаев қатысып, спортшыларға сәттілік тіледі. №17 Қазалы ауданының олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі жеңімпаз болып танылды. Келесі жұлделі орындарды ауылдық округтер әкімі аппаратының қызметкерлерінен құралған команда мен аудан әкімдігі және мәслихат аппаратының командалары өзара бөлісті.

Диқандар еңбегі еленді

Қармақшы. Аудан бойынша егін жинау науқаны қорытындыланып, «Алтын дән» іс-салтанатты шарасы өткізілді.

Аудан әкімі Әділбек Ерұлтанов дала еңбеккерлерін марапаттап, қамбаны молайтып, шаруалардың адал еңбегін жоғары бағалады. Салтанатты іс-шарада Қармақшы ауданының дамуына үлес қосқан азаматтарға «Қармақшы ауданының Құрметті азаматы» атағы табысталды. Сондай-ақ, «Алтын дән» бірқатар сала қызметкері облыс әкімінің «Құрмет» грамотасы, аудан әкімінің Алғыс хаттарымен, «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Ал, топ жарған озаттар түрлі номинация иеленді.

Балаларға базарлық

Жалағаш. «Балалар жылы» аясында 5 спорт-ойын алаңы пайдалануға берілді.

Аудан әкімінің орынбасары Жасұлан Еспенбет ауданға қарасты Бұқарбай батыр, Аламесек ауылдық округтерінде жанадан бой көтерген спорт-ойын алаңдарының ашылуына қатысып, тұрғындардың қуанышын бөлісті. Жалағаш ауданы бойынша биыл құны 58 млн теңгеден аса-тын 7 ойын алаңын салу жоспарланды.

Әлем чемпионын қабылдады

Сырдария. Н.Илиясов ауылының жас спортшысы Нұрдуәлет Қарбозов Испанияның Понтведро қаласында өткен трэппинг спорт түрінен 92 кг салмақта бөксілемде тартысқа түсіп, барлық қарсыластарын басып озып, Әлем чемпионы атанды.

Жас спортшыны жетістігімен құттықтаған аудан әкімі Мұрат Ерғешбаев жаттықтырушысы екеуін қабылдап, сыйқұрмет көрсетті.

– Ауданның ғана емес, облыс және республикамыздың мерейін әлемдік аренада асырдың. Алдағы уақытта чемпиондық биіктен түспей, ел спортын дамытуға үлесінді қоса бер, – деді аудан әкімі.

«Тең қоғам» орталығы

Шиелі. Орталық мүмкіндігі шектеулі азаматтар мен балалардың қоғам өміріне белсене араласуына мүмкіндік жасау мақсатында ашылды.

Ашылу салтанатында аудан әкімі Нұржан Ахатов мүмкіндігі шектеулі жандардың құқығын қорғауға негізделген шаралар алдағы уақытта жалғасын табатынын жеткізді. «Тең қоғам» орталығы кент орталығынан ашылып отыр. Ал ғимараттың кеңселік құрал-жабдықтары «Байқоңыр Солар» ЖШС-нің демеушілігімен алынған. Айта кету керек, мүмкіндігі шектеулі жандар мұнда үстел ойындарымен қатар, дене жаттығуымен, шығармашылықпен де айналыса алады.

Жаңақорған марафон – 2022

Жаңақорған. Аудандық ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ және Жаңақорған аграрлық-техникалық колледжінің қолдауымен жүгіру марафонынан жарыс өтті.

Жарысқа 100-ге жуық жас қатысып, жүйрікті анықтады. Жарыс қорытындысы бойынша 3 жеңімпазға қаржылай сыйақы беріліп, алғашқы келген 20 үздік қатысушыларға медаль, алғыс хаттар табысталды. Жеңімпаздарды аудан әкімінің орынбасары Д.Тұрсынбаев марапаттады.

Дайындаған:
Шынар БЕКБАН,
«Сыр бойы»



Шыр етіп көзімізді ашқаннан Сырдарияның жағасында өстік. Ол кезде дария хан қызғандай шалқып, оқ жылдай қырық оралып иірімденген ұлы ағыс, көктем сайын қайықтардың ернегінен асып, шағын көлдерді толтырып, ақсу-қаздар мен өгіз шағалалар келіп шулап жататын. Қара майланған қара қайықтар нокталанған асаудай ағыстың екпінінен шайқалып, дарияның жағасын тұмсығымен соққылап, шиыршық атып ұрынып тұратын.

Сол дарияның түбіндегі көне қыстауда текті әулеттен шыққан Қожасұлы Сырлыбай бидің ұрпақтары қоныстанған. Тумалардың ынтымағы мен бірлігі сырт көзді сүйсінетін. Туған ағам Сейілхан Қыстаубайұлы 1955 жылы сәуірдің жиырмашыңшы жұлдызында осы қоныста туған. Араға екі жыл салып, өмірге мен келіпін. Екеуіміз дарияның суын үріп ішіп, ақ қайранына қармақ салып, суырып салма ақын атамыз Әбдік пен Игілік Назарбайдың ай дидарлы қызы Жәмила әжеміздің құшағына таласып, періште пейілді әкеміз Қыстаубай мен Матығұл Қайырбайдың қызы, анамыз Ажардың мейіріміне жылынып, тайдың жалындай желбіреп тете жетілдік. Әкеміздің қолының кішкене өнерге бейімі болды. Теріні өңдеп тон, тымағын, қамшысы мен етігін өзі тігетін. Бірақ, ол кезде қолөнермен отбасын асырау мүмкін емес еді.

Өзен жағалағанның өзегі тала ма? Сыр бойында тұрғандар қалай балықшы болмайды. Бұл өңірдің адамының бау-бақша егіп дикандық жасауға ебі жоқ. Мал бақса да, оны дара қосіпке айналдырмаған. Ауылдың ұрынып ескен атбайларлары жалын тіктеп, еңбекке жарағаннан су жағалап балықты кәсіп етіп кетеді. Баланың белінің беріктігін, жүрегінің түктілігін, теңіздің ойынақ толықандарына салып сынайды. Теңіздің алпыс айлауы ақ бас жынды толқынына жігіттің жігітті шыдайды. Сол сынақтан өткені – балықшы бол кеткені. Балықшының бейнеті шаш етекпен ғой. Ерте көктемнен теңіздің мұзы кетіпті деген хабар естісімен қара қайықтарын қайта майлап, ау-құралын септеп, қалқыларын тіктеп, тастарын түгендеп дайындайды.

Бозала таннан қос ескегі мен ұзын таяуын сайлап, айдын таңдап қу қайықпен ау салып, кермеше тартып, несібесін судан іздейді. Атамыз Әбдік ашаршылықты көргенмен, балықшы кәсібінің арқасында әулетін аман сақтаған. Сол кездегі артелдің азын-аулақ түйесіне балық артып, оны теңізден жаюу жетектеп ашыққан Поволжье халқына деп Аралға балық тасығанын айтып отыратын. Әкем Қыстаубай төртінші класты үздік бітіріп, аудандық слетке қатысып келген жазда, соғыс басталып одан әрі оқуын жалғастыруға мүмкіндік болмай, атамыз бірге балық аулайды. Балықшылықтың бейнетін сүйегіміз қатып, оң-солмызды танығанда ғана ұғындық. Атақаси дегеннің не екенін сонда ғана түсіндік.

Қос қолын суық суға малған балықшының бейнеті шаш етекпен ғой. Жауын мен ыстық қарамай, қара күздің құтырған желі мен сары аяздың өтінде еңбек етуге ердің ері ғана шыдайды. Үнемі күдік пен үрей қапталынан қалмайды. Жайдақ теңіздің бетіне шыққан әр сапары өмір мен өлімнің арпалысы болатын.

Ол кезде балықшы болу мақтаншы еді. «Райым» балық кол-



хозының іргесі енді бекіген кез. Әкеміздің інісі Әбдіков Көлбай ағам Қазыладан 1954 жылы ветеринарлық училищені бітіреді. Ол кезде ауылда мамандығына сай жұмыс табылмай, қара қайықтың ескегіне жармасып, балықшы болады. Жалындаған жас өз ортасына еліктеп, домбыраны өз бетінше үйреніп, дастандарды таңнан-таңға жырлайтын. Атамыз малсыз емес еді. Осы балам біздің бейнетті көрмесе екен деп талай әрекет жасағанын естідім. Жөкшылық заман. Адамның көңілін қалауын орындайтын кез емес. Кәрі әке мен ананың жағдайын ойлап, арнасынан бөлінбеді.

Қазақ бейнетке бір табан жақын тұрады ғой. Жердің бетіндегі жабайы жануар емес, балық су аңы, адамның ығына оңайлықпен көне сала ма? Адам айласын асырып ұстамаса, еркімен беріле сала ма? Балықшы кәсібі – өте ауыр жұмыс. Ашық теңіздің тұңғығына барып, ақ бас толқының адуын мінезін ауыздықтап, нар толқының тұмсығын таспадай ақ тілген қара қайықтан қасқайып тік тұрып ау тоғу, жүректі адамның ғана қолынан келеді. Көк бөрінің ұрпағындай көк аспанға көзінің нұрын қайрап, бойы күш-қуат жинайды. Үрей құлаған жерде үміт желінен көтереді. Көз үйренген соң, ақыл мен зейін толқына үстемдік жасап, еңбектің ақ барабанын қағады. Қорықпаған адам еңбектен береке табады. Балықшы күнде армандап өмір сүреді, бірақ, күнде айнаға қарауға мүмкіндігі жоқ. Теңіздің мұзы кетіпті деген хабар жеткеннен, балықшылар дарияны қуалай қайық-қайық болып, құмырсқадай шұбалып, ағыстың ығымен артынып-артынып үдере көшеді. Ол кезде машина да жоқ болатын. Ұлы теңізге ығып жетеді. Өз хабарлары өздерімен болады.

Теңіздің түрін көрмесе тек оның асау толқынын естіп көңіліміз су сепкендей басылып, бала болсақ та бауырларымыздың амандығын тілеп, дауыл тұрса жанымызды шүберекке түйіп, аман болса екен деп тақымымызды қысатынбыз. Демімізді ішімізден алып, алаңдап жүреміз. Сол кеткеннен көктем мен жаз, күздің қырауы құрысқанша үй бетін көрмейтін. Сөйтсек, балықшының әр күні ерлікке толы екен. Колхоздың башысы Берекет алпысыншы жылдары нағашыларына жана қоныстан Қызылжар ауылының сызбасын дайындаптып, жағалай кесек үй тұрғызды. Бұл жана дәуірдің ашылған алғашқы паррағы еді. Билте шамды қалдырып, оқтай түзу көшелерге жа-

рық жүргізді. Мектеп пен клуб салынды. Білікті басшының арқасында өнері қанында бар ауылға осылай мәдениет келді.

Жаңа қонысқа көшкен жылы қыста Сейілхан екі аяғын баса алмай қатты ауырып, ұзақ жатып қалды. Балам мешел болып қала ма деп атам күйзелді. Қатты үрейлендік. Ауылда білікті дәрігер болмады. Көлбай ағам ойлап отырып: «Қамбашта Айтқожа деген фельдшер досым бар, соны ертіп әкелемін деп боранда атпен жолға шығып, алып келді. Дәрігер әбден тексеріп көрді.

– Аяғы қатты суықтапты. Жыланның майын әкелдім. Тізесіне жағып, жылы ұстаса, айығып кетеді, – деп күлксімен үйімізді жылытты. Содан көп кешікпей аяғына тұрды. Ауылда мектеп сегізжылдық болып, Аралдағы №177 орта мектепте оқыды. Мен ағамның қадірін ерте сезіндім. Үйге келсе, оны тірлікке жақындаптам. Қора тазалау, мал жайғару, дариядан су әкелуді өзім мойныма алдым. Бетіне келмедім. Оның сөзі – маған заң. Тек ағам аман болса екен деп тіледім.

Әскерде Семейдегі әскери әуе күштері бөліміне түсіп, арнайы дайындықтардан өтіп, СССР Қорғаныс министрлігінің «Механик-аэрофотограф» маманы атандым. Мен үнемі ауылдың жаналығын айтып хат жазып тұрамын. Әскери тәртіп адамның өмірге қозғарсын өзгертіп, ойын өсіріп, шығырында ширатады екен. Бірде маған «Адам ауылдан кетсе, сағынбасты да сағындырады екен», – деп жазғаны есімде. Әскерден соң, көп ойланбай бейнетін қасында атақасипті жалғастырамын деп шешті. Мен іштей ол ойын ұнатпадым. Оқығанын қаладым. Бірақ, ойымды айта алмай қабырғама бүктім. Сейілхан ағам орынсыз сөйлегенді ұнатпайтын. Кісінің алдын орап өтпейтін, көкірегі таза, имандылығы мен бияздылығы бірін-бірі толықтырып тұратын. Өзілді де орынымен айтатын. Жаратылысынан бірсөзді, қулық пен өтірікті сүйегіне жұтыпаған, дүниеге қызықпаған, асын адал ішкенді қалайтын. Біздің тұқымың ерлері өзінен бұрын өзгеге болсын деп тілейтіннің қайткері?! Томағалығы тойдырады, орайлы жерінде ойып сойлер тілінен кейде көз қаймығалды. Елдесем дегенмен елдесетін, белдесем дегенмен белдесетін батырдай білекті де, кең жүректі, қансағай ынқты, қой көзді, қыр мұрынды, ат ерінді, сабырлы жан болып өсті. Інісінің балықшы боламын деген тілегін тыңдаған Көлбай ағамыз өзінің

бригадасына жаздыртып алады. Әкеміз – баланың шекесінен шертпеген, шүкіршілігін шырақ еткен, қой аузынан шөп алмайтын жібек мінезді жан. Қайта шешеміз аузы батыр, керек жерде уықша ие салатын ер мінезді еді. Бірақ, ағамның ниетінде олар қарсы болмады. Көйлектің түймесіндей екеуі бір-бірін тұсініп, күлді де қойды. Анам дастарханын дайындап, әкем бір жандығын шалып, ағайындарды жинап жолашар жасап, ақсақалдардың батасын әперді.

Алғашқыда ауылдағы көлдерден балық аулады. Ағамның ығын сағалап, аудың құлағын жағалап пісті. Көлбай ағамның қасында жүріп өнгесін алады. Көлекен атына заты сай, барын көпке шашатын қолы ашық азамат болды. Аузын ашса жүрегі көрінетін аңқылдақ, сөзі пірлі, ісі мірлі, көпті тілімен оң орап алатын. Істің көзін тауып, көптің ойына жағатын. Кез келген қиындықты тез шеше алады. Балықшының тірлігін көзімен көрген адам ғана түсінеді. Заман алағ жылжыған сайын, колхоздың жағдайы жақсарып, балықшылардың жұмысы да жетілдірілді. Қос ескекпен қарын талдыратын қарабайыр дәуір өтіп, қара қайықтың орнына ақ каюталы пластик моторлы қайықтарды балықшылар жарыса мінді. Ауды қарап болып, ақ маржанға толы қайықтардың ыңырауына жағаға оралар сәтіндегі көрініс, кез келген балықшының делебесін қоздырып, шаршағаны толқынның сиқыры тартып алатын. Ауыл адамдары оның ішінде балықшылар қауымы көн табан атандай бейнеттің бөріне үнсіз көнер еді. Барға да, жоққа да көніс. Ұлы дариядан су орнына ақ тыран аққан молшылықты да көрді. Мыңдаған аймаққа жылым төгіп тартқанда соқыр торта да шықпаған кезде де налымды. Қанағатшыл жандарға Төңірдің шапағаты жауған. Отбасын асырау оңай ма? Табыс ағып келіп жатады, кетіп жатады. Судан алған, суға кетеді. Балықшының маңдайы шалқып бауы екіталай, аш қалмайтыны тағы да ақиқат. Сейілхан аға осының бәрін көңіліне тоқып білді. Колхоз басшылығы да ісіне тындырымды, еңбексүйгіш жастың қолтығын демеді. Партия қатарына қабылдады. Халық қолдап, ауылдық кеңестің, аудандық мәслихаттың депутаттығына бірнеше мәрте сайланды.

...Қыс айы. Қосқарда қысқы жылым науқаны басталып, Көлбай ағамның бригадасының нөмері мойны ұзақ жерге түседі. Қыс болса қаһарында. Жайдақ жердегі азынаған

суық желдің ызғарының түрі бөлек. Сақырлаған сары аяз. Түкірік жерге түспейді. Көлдің көкше мұзының қалыңдығы метрге жуықтайды. Жылымның бір жақ қапталына сүйемінші етіп Сейілханды қояды. Әкем де осы бригаданда жылымшы. Естігенде олар қарсы болмады. Көйлектің түймесіндей екеуі бір-бірін тұсініп, күлді де қойды. Анам дастарханын дайындап, әкем бір жандығын шалып, ағайындарды жинап жолашар жасап, ақсақалдардың батасын әперді.

Алғашқыда ауылдағы көлдерден балық аулады. Ағамның ығын сағалап, аудың құлағын жағалап пісті. Көлбай ағамның қасында жүріп өнгесін алады. Көлекен атына заты сай, барын көпке шашатын қолы ашық азамат болды. Аузын ашса жүрегі көрінетін аңқылдақ, сөзі пірлі, ісі мірлі, көпті тілімен оң орап алатын. Істің көзін тауып, көптің ойына жағатын. Кез келген қиындықты тез шеше алады. Балықшының тірлігін көзімен көрген адам ғана түсінеді. Заман алағ жылжыған сайын, колхоздың жағдайы жақсарып, балықшылардың жұмысы да жетілдірілді. Қос ескекпен қарын талдыратын қарабайыр дәуір өтіп, қара қайықтың орнына ақ каюталы пластик моторлы қайықтарды балықшылар жарыса мінді. Ауды қарап болып, ақ маржанға толы қайықтардың ыңырауына жағаға оралар сәтіндегі көрініс, кез келген балықшының делебесін қоздырып, шаршағаны толқынның сиқыры тартып алатын. Ауыл адамдары оның ішінде балықшылар қауымы көн табан атандай бейнеттің бөріне үнсіз көнер еді. Барға да, жоққа да көніс. Ұлы дариядан су орнына ақ тыран аққан молшылықты да көрді. Мыңдаған аймаққа жылым төгіп тартқанда соқыр торта да шықпаған кезде де налымды. Қанағатшыл жандарға Төңірдің шапағаты жауған. Отбасын асырау оңай ма? Табыс ағып келіп жатады, кетіп жатады. Судан алған, суға кетеді. Балықшының маңдайы шалқып бауы екіталай, аш қалмайтыны тағы да ақиқат. Сейілхан аға осының бәрін көңіліне тоқып білді. Колхоз басшылығы да ісіне тындырымды, еңбексүйгіш жастың қолтығын демеді. Партия қатарына қабылдады. Халық қолдап, ауылдық кеңестің, аудандық мәслихаттың депутаттығына бірнеше мәрте сайланды.

– Балам, Алла жар болсын! Елдің көзі сенде. Алақаныңды алдырма! Маңдай теріңді алақаныңмен сүртіп отыр, – деп құлағына сыбырлап үлгіреді. Ол үнсіз басын ізеген. Тартыншақтап тұратын сәт емес. Шешуші шақтағы міндет қажырлылықпен жылымның бір қанатын күдіртпей алып шығу керек. Сүйемін мен күрегің сүйретіп қолға мінеді. Көз қорқақ, қол батыр ғой. Алғашқы екі-үш ойықты қобалжу болғанмен ет қызған соң, күдік сап тыйылады. Әлсіз-әлі артындағы арқан айдаушыны қарап қояды. Алланың берген абыройы жағаға шалдықпай жетіп, майлықтың орнын ойып біткенде арқан айдаушы да жетеді. «Баламды көріп, арқамның құрысы жазылып, төбем көкке жетті. Несібесіне шонтай ақ маржандарға тіреліп, жылым майлап қалды, – деп әкем мақтана әңгімелеп еді. Осы өрліктің арқасында 1978-1979 жылдары екі жыл қатарынан «Социалистік жарыстың жеңімпазы» атты төсбелгіні омырауына тақты. СССР-дің 60 жылдығына орай, Қызылорда облысының «Таңдаулы өнеркәсіп қызметкері» деген атақпен марапатталды. Қазақстан Балық Министрлігінің құрмет грамотасына ие болды.

Аралдың суы қайтып, балық қоры азаюына байланысты балықшылардың ау-құралдарын ауыл аэропортына жинап, «АН-2» самолетімен Ырғызға тасыды. Адам шақырса бармайсың, дәм шақырса қалмайсың ғой. Сол көлдің жағасында айлап жатып аулады. Түске дейінгі көл бетіндегі үнсіздіктің есесін төрт көздері түгел палатқаға жиналғанда әулеттен әдемі әзілмен толықтырады. Одан барлық балықшылар көктем-жазғы маусымда Балқаш көліне көшті. Әр жердің өз қыр-сыры, әр көлдің өз мінезі болады. Осы кезеңде Балқашта бекіре балығы көп болатын. Бекіренің ұзындығы құшақтан асатындықтан, тарауы тасуға ыңғайлы болу үшін, екі қанар қапты түбін бір-

біріне жалпап тігіп қояды екен. Көлбай ағам мен Сейілхан стеклопластика қайығымен ау қарауға барды. Барса бекірлер ауды басып қалыпты. Жиырма данасын тордан сығып алғанда, қайық ыңырауына қалады. Екеуі амалдап қабылдау пунктіне тапсырып, қайта оралып тағы да жиырма дана бекірені әкеліп өткізеді.

Әбдікөвтер әулетінен еңбегімен ардақталған әкем Қыстаубай Қуанышбаев облыстық кеңестің депутаты, «Күрмет белгісі» орденінің иесі болса, Көлбай Әбдіков Қазақстан коммунистік партиясының XIII съезінің делегаты, «Күрметті колхозшы» атанған. Тазалықты жаны сүйген Сейілхан Қыстаубаев 1986 жылы Қазақстан коммунистік партиясының XVI съезіне делегат болып, колхоз председателі Берекет Омаровпен бірге Алматыға барды. Берекет – Әбдік ағамыздың әкесі Қуанышбай бабамыздың қызы Асыл апамыздан туған. Жүрегі қайырымды жан Сырлыбайлар десе, оң ығын бұрып іші жылып тұратын.

Балықшыға дүйсенбі ме, жексенбі ме бәрібір. Демалысыз жұмыс істейді. Кейде дауылдан ау есіліп қалса немесе жылымды түбі мықты томар іліп жырып алса, жөндеу жұмыстарын жасау үшін ғана жұмысты тоқтатады.

Күзге салым уақыт. Қарақол-де Көлбай ағамның бригадасы жылым тартуға кеткен. Күн ұясына еңкейген шақта есіктің алдына колхоздың машинасы тоқтады. Әкем есік алдында ау көктем отырған. Машинадан Сейілхан түсіп келді. Жүзі жайдары.

– Әке, жылым майлады.

– Аһа! – деп әкем орнынан атып тұрды.

– Шонтай ортада тұрып қалды. Өншен сазан. Әкем балаша қуанды.

Сол олжаны аптадан аса сүзді. Ағылған халық. Келгендерге қап-қап сыралғы сыйлау. Машиналарға балықтарды артып, мұзқалаға өткізіп жатады. Көз жобаман мың центнерден астам балық шықты. Таразыға жеті жүздің үстінде өтті. Қайталанбайтын оқиға. Аңызға айналған апта болды.

Анамыз мәңгілік мекеніне ерте кетті. Әке жетім, балалар жетім күй кештік. Әке үмітін гүлдендіріп, ағам Даражаға үйленіп шаңырағымызға шаттық сыйлады. Феруза, Оралхан, Перизат, Әскербек, Алтынбек есімді балаларын өсіріп, немере көрді. Шөберенің алақанынан май жаады.

Сейілхан ағамның құрдастарын ауылдастар «Елубестер» дейтін. Елубестер – Қызылжардың гүлі еді. «Елу бестердің шайы» олардың достығының айғағы екен. Жаксылықта да, қиындықта да солар төбе көрсететін. Дүние бір орнында тұра ма? Мәңгілік өмір жоқ. Асылдардың бәрі бірінен кейін бірі өз әлемдеріне аттанды. Ердің еңбегін айтпаған ел жетім, жағасына құсы қонбаған көл жетім.

Бүгінде біздің әулетте атақасипті Көлбайұлылар Әділжан мен Ақынжан жақтастырып келеді. Әділжан Әбдіков – жеке кәсіпкер. 2013 жылдан бері «Қарақол», «Алаша» көлдерінде тауарлы балық өсіріп-аулау шаруашылығымен айналысады. «Ауылшаруашылық саласының үздігі» төсбелгісінің иегері.

Балықшының думанын айтып тауасы алмайсың. Орнында бар оналады. Ұраншыл ұл ту алады.

Темірхан ӘБДІКОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
Арыс қаласының Құрметті азаматы

Бай мен Бажақ батыр

Бұл әңгімені Қазалы ауданының құрметті азаматы, медицина саласының ардагері Нұрсұлтан Мұратбаев ағамыздан естіген едім. Жинақы тұлғасы, кескін-келбеті, білік-парасатына қарап туыстары арасында «генерал» атанып кеткен Нұрекеңді шынымен де әскери қызметте болған шығар деп ойлап қалуың ғажап емес. Сонымен...

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,
«Сыр бойы»

Бірде әулие әрі батыр Жанқожа Нұрмұхамедұлы бабамыз жанына жақын серіктерін, қол бастаған Батырларды ертіп ұзақ жолға шығады. Сол топтың арасында Жәкеннің жақын туысы, ерлігімен көпшілікке жақсы мәлім Бажақ батыр да бар екен. Жанқожа бабамызбен бірге сан мәрте жау шебін бұзған Бажақ батыр шақтас тұлғалы, сырткөзге аса ерекшелігі байқалмайтын адам болыпты. Ұзақ жол жүрген жолаушылар үлкен көлдің жанында жайлауда отырған атақты байдан үйіне аядапты. Өлгі байдан малының көптігі соншалықты, үйір-үйір

жылқысы теңіздей тасыған көлдің жағасына зорға сыятына ұқсайды. Сыр бойынан атақты Жанқожа батыр келгенін білген бай ту бие сойдырып, қонақтарына дастархан жайдырады. Алайда, төрт түлігі ең далада шалқып жатқан байдан көңілінде дүниесіне мастанған ірілік те қылаң берді. Қымыз ішіп отырып дәулетіне есірген бай батырға қарап:

– Жәке, жаныңдағы серіктеріңнің бәрі шетінен батыр ма? – деген құйтырқы сұрақ қояды.

Байдан не айтқысы келгенін алдын-ала сезген ол:

– Иә, бәрі батыр! – деп іркілмей жауап қайтарады.

Бай қолымен Бажақ батырды көрсетіп:

– Мына кісі де батыр ма? – депті менсінбеген кейіпте.

Жанқожа батыр болса:

– Батырдың үлкені – осы, – дейді қатұлы үнмен.

Бай қаруының ішін басына көтере қарқылдай күліпті. Сол сәтте даладан шыңғырған адамдардың дауысы, кісінеген жылқы үні естіліп, төңірек азан-қазан болыпты. Киіз үйдің есігі көлге қарама қарсы орналасқан екен. Ашық есіктен қақ жарылған ну пішпеннің ішінен екі көзі отша жанған алып жолбарыстың киіз үйге қарай беттегенін отырғандардың көзі шалыпты. Бұл көріністен маңайдағы қалың жылқы үркіп, адамдар шығынып, безіп кетіпті. Жанқожа батыр бастаған қонақтар дастархан басында қымыз ішіп, талпылмастан отыра беріпті. Ал, үй иесі бай керегеге бірнеше қабат қылып ілінген кілемнің арасына зып беріп еніп кетіпті. Жолбарыс болса

киіз үйдің есігінің алдына келіп, құйрығымен екі бүйірін сабалап, күндей күркіреп айбат шегіпті. Осы мезетте үйдің ішіндегі шыбынның ызыны естелетін үнсіздікті бұзған Жанқожа баба:

– Бажақ, мынаны мекеніне қайтар. Жұрттың мазасын алмасын. Қайтар мекеніне, – депті сабырлы үнмен.

Бажақ батыр таудай жолбарыстың жанына барып:

– Қайт жануар, қайт. Елдің мазасын алма! Қайт мекеніңе, – деп жалынан сипапты. Қаһарынан қара жер теңселердей болған жолбарыс гүр-гүр етіп сал тұрыпты да, манман басып ну пішпеннің ішіне кіріп, ғайып болыпты.

Мұнан соң, Жанқожа баба бастаған қонақтар зәресі ұшып талып қалған үй иесінің есін жиғызып алыпты. Мейманасы тасыған байдан қорқыныштан тілі байланып қалған екен. Көп ұзамай қонақтар қайтадан жолға шығыпты.

Нұрсұлтан ағаман естіген әңгіме осылай түйінделеді.



Шәкірттерін шарболаттай шыңдаған



Жаңақорған ауданындағы үстел теннисі спортының негізін қалаушы Нийетәлі Қуатбековті еске алуға арналған облыстық турнир басталады.

Нийетәлі Қуатбекулының өмірі ғибратқа толы. Ердің жасы елуге келген, сымбатты да қайратты жігіт ағасы 5-сыныптан 11-сыныпты бітіргенше бізге жетекшілік етіп, ең сүйікті тұлғамызға, ұстазымызға айналған-ды. «Адамды тәрбиелейтін қаталдық емес, мейірім» дейтін қағиданы берік ұстанған ұстазымыз осы жылдар ішінде барлығымызға өз баласындай қамқорлық көрсетіп, әр ісімізге бағыт-бағдар беріп отырды әрі әкелік қамқорлығын аяған жоқ. Сыныптан «Жас тимуштылар» командасын жасақтап, ауылдағы жалғызбалалық қария-қарттарға қолкөмек жасап, әжелеріміздің ақ батасын алатын. «Әрдайым үлкенге құрмет көрсетіп, бата алып жүріңдер! Ақ ниетпен берілген бата небір жамандықтан сақтайды» деп батаның құдірет-қасиетіне ерекше мән беретін.

...Әлі есімде 1993 жылы күз мезгілінде мектеп алаңында ойнал жүріп, досымның оқыс қимылынан аяғым шалынып, омақаса құлағаным бар. Мен де ашуға бұлағым ауырма келген бейауыз сөзді айтып қалыппын. Үстімнің шаңын қағып, басымды көтерсем, қалай келгені белгісіз жаныма Нийетәлі ағай тұр. Ақталатын жерім жоқ. Ұяттан өртей қызырып, әлсіз қылығым үшін кешірім сұрадым. Үндеген жоқ. Бар болғаны «Ұяттыңды ұмытпа, ойла» деді. Осы сөз маған өмірлік сабақ болды. Есіме түскенде жүзімді ыстық жалын шаршып өтеді. Өркес ағайдың осы сөзі жадымда

жаңғырып тұрады. 1996 жылы Қорқыт ата университетінің «Денешынықтыру және спорт» мамандығына оқуға қабылданып, қуанышым қойныма сыймай жүргенде Нийетәлі ағай қасына әкем Мергенбай мен Құралбек ағамды ертіп, Қызылордаға келді. «Осы университетте профессор досым бар, сені сол досыма таныстырайын» деп арнайы келгенде көңілім толқып, ерекше күйге бөленгенімді қалай ұмыттайын? 1995 жылы ұстазымыз бізді алтын ұя мектебімізден қанаттандырып ұшырса, профессор Жақсыбек Егізбайұлы ұстазым қанатымызды қатайтып, ғылым биігіне шығарды. Сол үшін алғысым да, құрметім де шексіз, әркез басымды иемін. Нийетәлі ағай шеберлігімді шыңдап, шабыттандырып, жетістікке жетуіме үлесін қосып, ақыл-кеңесін беруден жалықпайтын еді. Қазір тамшыдай табысқа жетсем, ұстазымның сол кездегі еңбегінің жемісі деп білемін.

2000 жылы Олимпиада чемпионы Бекзат Саттарханов өмірден өткенде, «мұндай бокс безқаласын қазағым әлі талай сағынатын болады» деп жүрегінің шын қиналысын жеткізгені бар. Түркістанда Қ.А.Ясауи атындағы университетте әйелдер арасында өтетін баскетболдан Қазақстан чемпионатына арнайы барып, алған әсерім бөлісіп жүретін еді. Бұл да ағайдың спортпен

жаны егіз екенін білдіреді. Өзі де соғыс алаңында қаруын тастамай шайқасқан нағыз жауынгердей қолына сүйікті теннис қалағын ұстаған қалпы спорт залында өмірден кете барды.

Нийетәлі Қуатбекулы шәкірттеріне айрықша қамқор бола отырып, үлкен мақсаттарға ұмтылдыратын, қиындықтан қашпауға, керісінше оны жеңіп шығуға шындайтын. 1995 жылы жоғары оқу орнына түсе алмай мектепке үйірме жетекшісі болып жұмысқа орналасқанымда «сенің бағың – спорт. Мақсатың мен бағытың айқын, оқуың керек. Ол үшін ерінбей тер төгіп, ізденуден жалықпа. Көп оқы. Талмай еңбектенген адам ғана үлкен жетістікке жетеді» деп шарболаттай қайрап, пәс түскен көңіліме демеу болды. Шындалып, табысқа жетуіме себепкер болған ерекше еңбегін қалайша ұмытамын?

Ағайдың отбасына, ұл-қыздарының ізеттілігіне құрметім шексіз. Әсіресе, Қайрат ағамыз ұстазымды еске салады. Кездескенде жаныңа жылылық сыйлап, сөйлескенде әзіл-қалжыңы жарасып тұратын абзал ағаның жаныңан алыстағың-ақ келмейді. Себебі, аяулы ұстазымыздың болмыс-бітімі, мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, пайым-парасаты Қайрат ағамыздың бойынан есіп тұрғандай сезініп, ерекше күйге бөленесің.

Қанымша анамыз Нийетәлісіз өткен жырма жылда қиындықтың батпан жүгін аркалап, ұл-қыздарын жеткізіп, немере мен шөберенің ортасында отыр. Ұстазымыздың жарқын жүзі, асыл бейнесі біз сияқты сағына іздейтін шәкірттерінің жүрегінде сақталады.


Жандос ЕСІРКЕПОВ,
Халықаралық туризм және меймандостық университетінің қауымдастырылған профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты



FinGramota
Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру

Жеті пайдалы қаржылық әдет

Бүгінде еліктіріп әкететін, жан-жақтан сатып алуды ұсынатын жарнамалар өте көп. Алайда, ақша есепті сүйеді, оны үздіксіз бақылап отыру қажет. Қаражатыңызды баланста ұстап тұру үшін FinGramota.kz уақыттың және сараптамашылардың сынағынан өткен ақша ұстаудың тиімді әдеттерін ұсынады.



ЖЕТІ ПАЙДАЛЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ӘДЕТ

Жеке қаржы жөніндегі сарапшы Brown Ambition Мэнди Вудрафф-Сантостың 34 жасында 700 мың долларға ие болғаны мәлім. Ол өз кірісін 40 жасқа дейін 1 млн долларға дейін өсіруді жоспарлап отыр және оны негізінен кірістер, жинақтар, зейнетақы және инвестициялық шоттар есебінен ұлғайтуды көздеуде. Бұл – дұрыс қаржы әдеттерін қалыптастыра білгенде, ақшаны тек жинақтап қана қоймай, жинақтарыңызды айтарлықтай арттырудың жарқын мысалы. Олардың ең пайдалысын қарастырайық.

№1 әдет: «Шапша бекер барыңыз»
Алға батыл мақсаттар қойыңыз, мысалы, белгілі бір мерзімде пәтер немесе көлік алуға ақша жинаңыз. Осындай мақсаттарға көл жеткізу, бір қарағанда қиын болып көрінуі мүмкін. Әсіресе кірісіңіз аз болған кезде. Бірақ мақсатыңыз айқын болса, алға сеніммен жылжы аласыз.

Мысалы, депозитке бірден көп мөлшерде ақша салудың қажеті жоқ. Алдымен аздан бастап, сізге келіп түсетін кез келген кірістің, мысалы жалақы, бонустар, төлемдер, ақшалай сыйлықтардың және т.б. шамамен 5-10 пайызын аударыңыз. Көбірек салсаңыз тіпті жақсы.

Недіктен бұл маңызды? Осылайша сіз өзіңіздің қаржылық қауіпсіздік жастықшаңызды қалыптастырасыз. Әлемде тұрақты өштеңе жоқ. Егер сіз ертен кенеттен түрлі себептермен жұмыстан кетуге мәжбүр болсаңыз және біраз уақыт табыссыз қалсаңыз, онда өзіңіз бастап қалыптастырған және толықтыра бастаған резервтік қор сізге көмекке келеді. Сіздің қаржылық жастықшаңыздың мөлшері кем дегенде 6-9 ресми жалақыдан тұруы керек.

Жастық шақтан бастап, қарттығыңызды ойлансыз. Өз болашағыңызға ай сайын немесе жыл сайын қанша ақша бөліп, жинауға дайын екеніңізді ойластырыңыз. Тіпті, аз ақшаның өзін ертерек жинай бастасаңыз, осының жақсы нәтижесі жетесіз.

№2 әдет: Қарыз алмаңыздар, кредиттік жауапкершілігіңізді арттырыңыз!
Қалай көп ақша табуға, тағы не істеуге болатындығы, адамдарға қосымша табыс табу үшін қандай қызмет ұсынуға болатындығы туралы ойыңызды қайта ойластырған дұрыс. Сондай-ақ, егер сізде ақша жетпесе, онда сіз уақытша үнемі деуді, жеңілдіктің, сатылымдар және т.б. іздеуді үйреніңіз керек.

Әрине, қарызға сатып алу, яғни, кредит немесе бөліп төлеу, бірақ тауарды немесе қызметті дәл қазір алу әлдеқайда оңай. Бірақ қаржылық тұрғыдан сауатты адамдар еркінше күте тұруға: әуелі жинауға және содан кейін сол затты өз ақшасына сатып алуға тырысады.

Уақыт өте келе қымбаттайтын заттарға, мысалы, пәтерге немесе болашақта сіздің шығындарыңыздан да көп табыс әкелетін бизнесті дамытуға кредит алу экономикалық тұрғыдан тиімдірек.

Ал тұтынушылық кредиттер табыс әкелетін заттарды сатып алуға арналмаған. Оларды адамдар әдетте киім, тұрмыстық техника, демалыс және т.б. рәсімдейді. Сонымен қатар, мұндай кредиттер бойынша пайыздар жоғары, яғни, сізде одан да көп шығындар болады. Сондықтан кредит алудан бұрын, яғни, өз еркімен қосымша қаржылық міндеттемелерді жүктеме бұрын, «иә» мен «қарсы» деген ұғымды саралап, талдап алған жөн. Банктәрідегі немесе микроқаржы ұйымдарындағы қолданыстағы берілетін қарыздарға немесе кредиттерге қызығудың тіптен керекі жоқ. Кредит құрауынан шыға алмай қалуыңыз мүмкін. Осыны ойлансыз.

№3 әдет. Нақты мақсатқа жинаңыз!
Қаржыны жоспарлау кезінде алдына нақты мақсаттар қоятын және нәтижеге негізделген спортшылардан үлгі алыңыз. Егер сіз не үшін жинақтау қажет екенін, не нәрсеге және қандай мерзімде қол жеткізгіңіз келетінін білсеңіз, онда қажетті соманы жинақтау мүмкіндігі соғұрлым жоғары.

Біреу ақшаны сыртына, мысалы: емделуге, сыйлықтарға, білім алуға, саяхатқа және т. б. жазылған әртүрлі конверттерде сақтайды. Ең дұрысы – осы мақсаттарға бірнеше депозит ашып қою. Бұл сізге қолыңызда тұрған ақшаны бір сәттік қалауыңызға жұмсамай, стратегиялық нәрселерге назар аударуға және нәтижесінде жеңіске жетуге мүмкіндік береді.

№4 әдет. Өз активтеріңізді әртараптан-дырыңыз!
«Жұмыртқаларды бір себетке салмаңыз» – барлық уақытта өзекті, көнеден келе жатқан шындық. Әртараптандыру қаржы құралдарының белгілі бір теңгерімін болжайды. Мысалы, егер сіз депозит ашсаңыз, онда мұны бірден бірнеше банкте және мемлекет кепілдік берген сома шегінде жасаңыз: жинақ депозиттерінен басқа ұлттық валютадағы депозиттер бойынша 10 млн теңге, шетел валютасындағы депозиттер бойынша 5 млн теңге, ал жинақ салымдары бойынша 20 млн теңге. Депозитте ақшаны әр түрлі валютада ұстаған дұрыс.

Егер сіз өз қаражатыңызды бағалы қағаз-

дарға инвестицияласаңыз, онда оларды әртараптандырыңыз. Мысалы, ақшаны тек акцияларға салу шығынға әкелуі мүмкін, ал егер сіз портфельіңізге облигацияларды қоссаңыз, бұл сіздің тәуекелдеріңізді теңестіріп, табыс әкелуі мүмкін.

№5 әдет. Күнделікті өмірде ақылға қонымды үнемдеу қағидаларын қолданыңыз!

Мысалы, тақсиге кететін шығындарды азайту үшін жауы жүріңіз, асханаларға немесе кафелерге ақша жұмсамау үшін үйден тамақ алыңыз. Бұл тек шығынды азайту ғана емес, сонымен қатар пайдалы. Бұл ақылға қонымды тұтыну мән, яғни, сізді қалаған заттыңызы, сол жерде, сол күні сатып алмауға, эмоционалды импульстарға тәуелді болмауға үйрететін өте жақсы дағдының бірі болып табылады. Әрине, түрлі тауарлар мен қызметтерді өндірушілер өз өнімдерін басқа адамдардың қызығушылықпен сатып алуы үшін көз тартатын, тартымды жарнамалар, жеңілдіктер, акциялар және басқа да «қызығушылық тудыратын» жарнаманы қолданады, бірақ сіз маркетингтардың айла-амалдарына алданып қалмаңыз. Табысты және бай адамдардан үлгі алыңыз.

Мысалы, әйгілі миллиардер Марк Цукерберг сәттілікке жеткеннен кейін мұндай ұстанбайды және өте қарапайым киінуді жөн көреді. Ол еркін бір киім киеті: оның гардеробы тек бірдей джинсы мен футболкалардан тұрады. Цукерберттің пікірінше, бұл таңдау проблемасынан арылуға көмектеседі және маңызды тапсырмалар үшін уақытты босатады. Ал әлемдегі ең бай адамдардың қатырына кіретін Google-дің негізін қалаушы Сергей Брин, өнімдер мен заттарды төмен баға дүкенінде, яғни, көтерме маркеттерде сатып алады. Оның айтуынша, бағалық шағында ата-анасы оған қымбат заттарсыз-ақ бақытты болуға болатындығын үйреткен.

Дегенмен, әрдайым қатаң шектеулер мен пайдасыз шығындар арасындағы тепе-теңдікті сақтау қажет. Егер сіз барлығына толық тыйым салсаңыз, мысалы, толық үнемдеуді сақтасаңыз, онда ішкі тыйымдарды бұзу қаупі едәуір артады. Импульсивті сатып алулар негізінен осылай жасалады. Сондықтан, аңда-саңда өзіңіздің қалағаныңызды алуға тырысыңыз.

№6 әдет. Ойыңызды өзгертіңіз және пассивті кіріске не болыңыз!

Пассивті кіріс – бұл сіздің жұмыс қабілетіңізге және өзге де жағдайларға қарамастан сізге үнемі түсіп отыратын ақша. Әртүрлі қаржы құралдарына инвестиция салу пассивті табыстың бір түрі болуы мүмкін. Егер сізде бос қаражат болатын болса, оларды жұмсау үшін бірден дүкенге жүгірудің қажеті жоқ. Ақша сізге жұмыс істеу үшін оны қайда бағыттау керектігі туралы ойлансыз.

Мысалы, ақшаны тұрақты түрде дивидендтер төлеп отыратын компаниялардың бағалы қағаздарына сала аласыз. Немесе өмірді жинақтаушы сақтандыру полисін сатып алуға болады, ол сақтандыру жағдайы туындаған уақытта сіздің ақшаныңызды қорғап қана қоймай, сондай-ақ, баланы оқыту, үйлену тойын жасау және тағы да басқа сияқты өмірдің маңызды кезеңіне белгілі бір сомада қаражат жинап қоюға мүмкіндік береді. Қымбат металдар, тастарға инвестиция салу, жылжымайтын мүлік не автокөлік және басқа да мүліккі жалаға беру сияқты пассивті кіріс көздерін қарастыруға болады.

Сондай-ақ, болашақта сізге баға жетпес бонустар әкелуі мүмкін білім алуға, жаңа қаржы дағдыларыңды үйренуге не инвестициялар құрудың ұтымды шешім екенін естен шығармаңыз.

№7 әдет. Қаржылық ревизианы үнемі жүргізіңіз!

Егер сіз ақшаның қайда жұмсалып жатқанын білмесеңіз, онда сіздің жеке қаржылық жоспарың жасай алуыңыз да ескетпес. Сіздің шығыстарыңды қай баптары асып түсетінін түсіну бұл – оң өзгерістерге алғашқы қадам.

Сол үшін де айына тым болмағанда бір рет өз кірісіңіз бен шығысыңызы қайта санап, жасаған сауданыңызға, онтайландыруға болатын активтеріңіз бен пассивтеріңіздің түрлеріне талдау жасаңыз, яғни, неден құтылып, нені сатып, қандай шығын мен саудадан бас тартқан дұрыс. Өзіңіз пайдаланатын қаржылық қызметтердің, мысалы әлдебір банктің салымдарың талпарың тағы бір рет зерделеп, талдау жасаңыз.

Осы «қаржылық қателермен жұмыстағы» маңызды талап – бірер күннен кейін немесе екі аптадан соң есепті тастамай, тым болмағанда жарты жылға күнделікті әдетіңізге айналдыру. Бұл уақыт ішінде сіз шығыс пен кірісті талдауға өбден үйреніп, қаржылық жоспарыңызға қандай оң өзгерістердің енгенін байқайсыз.

Егер сіз үшін мұндай қаржылық әдеттерді омыр салтыңыз ретінде ұстану қиын болса, оларды өз өміріңізге біртіндеп кіргізіңіз. Алдымен сіз үшін сіздің пікіріңізде ең тиімді әрі пайдалы әдетті таңдаңыз, оң нәтижесін байқаған соң бірден келесі әдетке көшіңіз.

Fingramota.kz-нен бірге қаржылық сауаттылығыңызды арттырыңыз!

Сексеуіл – қорған

әйтсе де оны балталап жүргендер де баршылық

Бізге орман алқаптарын қорғайтын 8 мекеме бар. Ондағы қызмет атқаратын орманшылардың міндеті – өңірдегі орман мен тоғайлы жерлердегі қорды мүмкіндігінше сақтау, пайдалану, өсіру.

Сб Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

Аралдың тартылуы облыстағы экологиялық жағдайды күрт нашарлатып жібергені баршаға аян. Теңіз табанынан ұшқан құмды дауыл тонналардан ұғытып түз бен шаң-тозанды ауаға таратып, барлық тіршілікке кері әсерін тигізді. Бір ғана мысал, суы құрғаған аймақтан ұшқан құмды дауылдың ұзындығы 400, көлденеңнен 40 шақырымды алады екен. Ал радиусі – 300 шақырым. Бұл – тартылған теңіздің мәселесі жалғыз Қазақстан емес, бүкіл әлемге қауіп төндіруге деген сөз. Осының салдарынан жыл сайын 75 млн тоннаға дейін шаң мен улы тұзды жел көтеріп, оның өз Еуропа мен Антарктидидан табылып отыр.

Иә, мамандардың есебінше, теңіздің құрғаған ұлтаны – 4,5 млн гектар. Осының гектардың 2,2 миллионы Қазақстан аумағында деп көрсетілген. Аз жер емес. Құрғақ аймақтың түз басып, шөлейт жер аумағын көбейткені былай тұрсын, ондағы тіршілік иелеріне жағымсыз әсерін айтаңызшы! Жануарлар мен өсімдіктердің көбеюіне қарсы мұндай факторларға бірден-бір амал не болар екен?!

Адамзат тарихындағы ең ірі экологиялық апат салдарынан жерді түз басып, шөлейтті жер аумағының көлемі көбейіп, адамзат денсаулығына, жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің көбейіп өсуіне кері әсерін тигізіп отырғандығын жоғарыда айттық. Бүгінде табиғатты ұшқан түз бен құм көшкіндерінен сақтайтын бірден-бір амал теңіз ұлтанына сексеуіл, сарысазан, қарабарак сияқты галафитті өсімдіктер егуі екенін кейінгі 20-25 жылдың тәжірибесі дәлелдеп отыр.

Теңіздің құрғап қалған ұлтанындағы түз, құм көшкіндерін тоқтату, экологиялық ахуалды жақсартуда біраз жұмыс атқарылды. Аралдың денгейі 1968-1990 жылдар аралығында негізгі жер жағалауынан 100-150 шақырымға дейін қайтанып белгілі. Бұрынғы су жатқан ұлтаны жалаңаштанып, түзді шаң мен құм пайда болды. 1991 жылы «Арал консорциумы» деген үлкен бірлестік құрылып, құрғаған ұлтанды орманға айналдыруға өңірдегі орманшылар жұмылдырылған. Сонымен қатар «Қазақстан Республикасы аумағында ормандарды сақтау және молайту» бағдарламасына сәйкес Дүниежүзілік банктің қолдауымен 2003-2013 жылдар аралығында теңіз ұлтанына сексеуіл көшетін отырғызып қана қоймай, оның тұқымын себу жұмыстары жүргізілді, – дейді Арал орман шаруашылығы және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің директоры Болат Бисенбаев.

Сол шегініс жасасақ. Арал табанына сексеуіл отырғызу өткен ғасырдың 80-жылдары ортасында Қазақ орман ғылыми-зерттеу институты ға-

лымдарының жобасы бойынша басталып, 1993 жылға дейін жұмыстар жүрген еді. Сол уақытта 54 мың гектардан аса құрғаған ұлтана облыстағы барлық орман мекемелерінің күшімен сексеуіл, сарысазан, жыңғыл егілген. Міне, содан 20,7 мың гектар сексеуіл, 11,7 мың гектар сарысазан, 1,5 мың гектар жыңғыл табиғи көбею деңгейіне жеткен.

2008-2014 жылдары Қазақстан мен дүниежүзілік банкі және ғаламдық экологиялық қоры арқылы қаржыландырылған «Ормандарды сақтау және республика аумағының орманды жерлерін көбейту» жобасымен теңіздің құрғаған ұлтанында 56,5 мың гектар жерге сексеуіл егіліпті. Сонымен қатар, Корея Республикасының орман қызметінің қолдауымен «Арал теңізінің құрғап қалған ұлтанында фито-орманмелиорациялық жұмыстар жүргізу» жобасы іске асып, 13 мың гектардан астам жерге 5 млн сексеуіл көшеті отырғызылды. Ал халықаралық Аралды құтқару қорының зерттеуі бойынша осы уақытқа дейін теңіздің Қазақстан жақ бөлігіндегі 337 мың гектардай жерге шөлге төзімді көшет отырғызылып, тұқымы себілген. Дегенмен мамандар Қазақстан бөлігінде атқарылып жатқан жұмыстар Аралдың ұлтанындағы ұшқан шаң мен тозанды тоқтатуда жеткіліксіз екенін айтады.

– Өздеріңізге белгілі, әлемдік қауымдастық Аралдың жоғалуын адамзат тарихындағы үлкен экологиялық дағдарыс деп бағалайды. Бұл жерде бір амал, қоршаған ортаны ұшқан түз бен құм көшкіндерінен сақтау үшін теңіз ұлтанына сексеуіл, сарысазан, қарабарак сияқты галафитті өсімдіктер көптеп отырғызылуы тиіс. Мамандар тәжірибесі осыны дәлелдеп отыр. Бір қызық дерек, сексеуілдің бір түбі 10-нан 100 тоннаға дейін құмды бөгеп, ұстай алады. Кейінгі 5 жылда орман көлемін арттыру үшін облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, орман қорын 55 мың гектарға арттыру жұмысы жүргізіліп, оның 26 мың гектардан астамы теңіз ұлтанына егілді, – дейді Б.Бисенбаев.

Арал теңізінің құрғаған ұлтанында 2021-2025 жылдар аралығында 1,1 млн гектар сексеуіл екпелерін ұлғайту жөнінде шаралар кешенін қабылдау туралы тапсырма бар. Соған сәйкес бытыр 101 мың гектар сексеуіл егіліп, 2022-2025 жылдар аралығында жыл сайын 250 мың гектар фито-орманмелиорациялық жұмыстарды атқару бойынша шаралар қабылданады.

Биыл 250 мың гектар фито-орман-мелиорациялық жұмыстарды іске асыру жоспарланған болатын. Бүгінде 12 мың гектар жерге сексеуіл көшеттері отырғызылған. Ал қалған 238 мың гектар жерге егу жұмыстары агротехникалық талаптарға сәйкес күз басталғалы қарқынды жүріп жатыр. Сонымен қатар, осыған қажетті сексеуіл мен өзге да ағаш көшеттерін өсіретін уақытша орман тұқымбақтары ұйымдастырылуда. Оның көлемі 100 гектар. Мұнда 12 түрлі жергілікті жерге жер-сіндірілген көшет өсіріледі.

Сексеуілді көптеп отырғызғанмен, оның түбіне балта шауып, жеке бас пайдасына жаратып жүргендер жайлы айтпасақ болмас. Оның үстіне көмірдің жетіспеушілігі мен қымбаттауы ауылдағы ағайынға ауыр тиді. Сексеуілді отын ретінде қолдана бастадық.

Қазір оны ауыл іргесінен емге де тап-пайсыз. 100 шақырым ұзап барып, кездестіруіңіз мүмкін. Мұнан бөлек, үлкен қалаларда қауап пісіру орындары көптеп ашылып, сексеуілге деген сұраныс барынша артқан. Міне, осыдан кейін пайдаға құныққан кейбіреу темір арқанмен (трасс) сексеуілді тұл тамырымен қоса жұлып алатын болған. Бұл біздегі орман қорын азайтып тұр.

Мәселені шешу үшін орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі қорының 13.08.2015 жылғы №211 бұйрығымен уран кен орындарын қазып шығаратын және мемлекеттік орман қорының құбыр желісі өтетін жерлерде жаппай кесуді қоспағанда, ҚР мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі сексеуіл екпелерінде ағаш кесудің барлық түріне 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мерзімге тыйым салынды. Сонда да біздің аймақтан сексеуіл шауып, зансыз тасу тоқтамай тұр. Облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының мәліметінше, жыл басынан бері сексеуілге зиян келтіру бойынша 18 дерек тіркелген. Бұған инспекция қызметкерлері хаттама толтырты. Жинақталған құжат сотқа жолданып, заң бұзушыларға әкімшілік айыппұлдар салынған.

Орманшылардың еңбегіне тұрарлық әрі олардың жұмыс жағдайын қолдау мақсатында айтар жақсы жаңалық жоқ емес. Бытыр ғана Арал мен Қазалы орманшыларына су жана техникалар берілген еді. Облыстық бюджеттен бөлінген қаржыға 2 дана өрт сөндіру автокөлігі, 6 дана ХТЗ тракторы алынды.

Ал биыл орман шаруашылығы мекемелерінің материалдық-техникалық базасын жақсарту үшін облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, 5 трактор, 1 вахталық автобус, 6 орман отырғызу агрегаты, 2 өрт сөндіруші машина, 2 патрульдік және бір жанар-жағармай автокөлігі орманшыларға берілді. Бұған қосымша бірнеше дала шатыры, байланыс құралдары, 8 электростанция алынды. Жалпы 2022-2024 жылдар аралығында теңіз ұлтанында сексеуіл етуге қажетті техника мен құрал-жабдықтар сатып алуға облыстық бюджеттен жыл сайын қаражат бөліп тұрмақ.

Дерек бойынша, облыстағы жер көлемі 226 мың шаршы шақырым болса, бұл Қазақстан аумағының 8,3 процентін құрайды. Алаймақтағы орман қоры – 7 млн 173 мың 40 гектар. Мамандар осылай дейді. Айтпақшы, мұның өзі үшке бөлінеді. Облыстың тікелей өзіне қарасты мемлекеттік орман мекемелерінің жері 7 млн 9 мың 757 гектар. Ал республикалық «Барсақалмек» мемлекеттік табиғи қорының жері 163126 гектар болса, «Қазақстан темір жолына» қарасты 125 гектар жер бар.

Қыстың қытымыр аясы мен аптап ыстығына шыдап, әрбір тал-дарак пен аң-құстың амандығын сақтап, өз жеріндегі экологиялық ахуалды күзеткен орманшыларды бірі білсе, бірі білмейтін де шығар. Жылдан-жылға орман алқаптарын көбейте отырып, біздің табиғат сақшылары экологияға ғана емес, сонымен қатар, бүкіл әлемге де көмектерін көрсетуге атсалысып

Облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Өмірбек Шәменов Республика күні мерекесіне орай Қызылорда қаласының тұрғыны ауыл шаруашылығы саласында ұзақ жыл басшылық қызметтер атқарған, еңбек ардагері Ойшы Ысқақовты, өндіріс саласының ардагері, қалалық қоғамдық кеңестің мүшесі Қарамырза Ақтановты құттықтады.

Қос қарияға құрмет көрсетті



Қос қарияның иығына шапан жауып, «Облыстың Құрметті ардагері» медалін табысты. Ойшы Ысқақов Жалағаш аудандық ауыл шаруашылығы басқармасын 23 жылға жуық басқарған.

— Облыстық ардагерлер кеңесінің мерейлі 90 жасымды елеп-ескергеніне ризашылығымды білдіремін. Сендер де менің жасым келулеріңді Алла нәсіп етсін! — деп ақ батасын берді ол.

Қызылорда қаласында өндіріс саласында ұзақ жыл қызмет атқарған, қалалық қоғамдық кеңестің мүшесі Қарамырза Ақтанов 88 жасқа келсе де, бір мезгіл жеке көлігімен халыққа такси қызметін көрсетеді екен. Еңбекке деген құлшынысы азаматтарға үлгі боларлықтай.

— Жастардың еңбеккер болғанын қалаймын. Мәселе ақша табуда емес, еңбек адамның ойын бөледі. Сондықтан жастар еңбек ете білсе, өз отбасының жағдайы артады, тұрмысы түзеледі, — деді көпті көрген қарт.

«СБ» ақпарат

ӘДІЛЕТ АЛАҢЫ

«Е-өтініш» деген не?

«Е-өтініш» — азаматтардың мемлекеттік органдарға жүгіну рәсімдерін барынша жеңілдетуге және олардың қаралуын бақылауды жетілдіруге арналған ақпараттық жүйе. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру және өтініш берушілермен жұмыс сапасын арттыру мақсатында құрылған. Өтінішті үйден шықпай-ақ қалай беруге болады, бұл туралы облыстық әділет департаментінің құқықтық түсіндіру және халыққа заңгерлік қызмет көрсету бөлімінің басшысы Айгүл Қосбергенова айтты.

Жұмыстың барлық процестерін цифрландыру өтініштерді мемлекеттік органдардың құзыреті бойынша бағытын автоматты түрде анықтайды. Мемлекеттік органдар арасындағы сұраныс санын оңтайландыру есебінен өтініштерді қарау мерзімін қысқартады. Өтініш берушіні өтінішті қараудың барлық кезеңдері, сатылары және мерзімдері туралы хабарлар етуге қолайлы. Мемлекеттік органдарға келіп түсетін барлық өтініштердің бірыңғай базасы қалыптасқан. Сонымен қатар, «Е-өтініш» жүйесі өтініш берушімен кері байланыс орнатуға және мемлекеттік органдардың жұмыс сапасын бағалауға мүмкіндік береді. Мемлекеттік органдардың жауаптары жүйелі талдаудан өткізіледі. Бұл жазылымнан бас тарту фактілерінің жолын кесуге ықпал етеді және нақты салаларда өтініштерді қараудың бірыңғай тәжірибесін қалыптастырады.

Жеке немесе заңды тұлға өтініш беру үшін Google арқылы «Е-өтініш» теріп, E-otinish.kz сайтына өтеді. Әрі қарай өтініш беру бағдарламасын басу арқылы ЭЦҚ-кілтпен кез келген мемлекеттік мекемеге өз сауалын жібере алады. Еске сала кетейік, әкімшілік рәсімдік-процестің кодекстің 76-бабына сәйкес, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, өтінішті, хабарды, ұсынысты, үн катуды, сұрау салуды қарау мерзімі өтініш келіп түскен күннен бастап 15 жұмыс күнін құрайды.

Дайындаған
Гүлбану МАҚАЖАН,
«Сыр бойы»

АЛТЫН КҮЗ

МАРЖАНЫ СЫРДЫҢ ШИЕЛІ

Республика күні құрметіне арнап, Шиелі ауданы «Алтын күз – 2022» мерекесін тойлады. Мереке аясында даңғайыр дикан, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Ы.Жақаевтың күріш өсіруден әлемдік рекордының 75 жылдығы, ақын-журналист Дүйсенбі Смайыловтың 90 жылдығы аталып өтіліп, «Маржаны Сырдың Шиелі» атты республикалық ақындар айтысы және Шиелі өңірінің әндері мен күйлерін жинақтаған «Елге аманат» кітабының тұсаукесері болды.

Сб Дүйсенбек АЯШУЛЫ,
«Сыр бойы»

2012 жылы қазіргі аймақ басшысы, сол кездегі аудан әкімі қызметіндегі Нұрлыбек Нәлібаевтың бастамасымен «Өнге айналған Шиелі» атты республикалық конкурсы жарияланған болатын. Сол игі істің нәтижесінде Шиелі туралы шырқалған 40-тан астам ән өмірге келген еді. «Елге аманат» кітабының идеясы да осы игілікті істің жалғасы болды.

Нариман Мизамбаев құрастырған Шиелі руханиятының шежіресінде бұл кітапта – халық композиторлары Нартай, Иман-жүсіптен бастап, М.Рүстемов, Қ.Тасбергенов, Ә.Ноғайбаев, С.Баймағанбетов, Ө.Исмаил, Б.Маханов, Қ.Бекпейісов, К.Жүсіп сынды 75 сазгердің әндері мен күйлері бар және ауданға арналып жазылған Қазақстан сазгерлерінің әндері жинақталған.

Көпшілікке қызықты сәттің бірі айтыс аламын болғаны анық. Ақындардың басын қосқан дүбірлі доғаға халықаралық, республикалық айтыстардың жеңімпаздары, белгілі айтыс ақындары қатысты.

Төрт сағатқа созылған айшықты айтыстың нәтижесінде 3-орынды шиелілік Мейірбек Сұлтанхан мен керекулік Аспанбек Шұғатаев, 2-орынды Абай облысының жүйрігі Рүстем Қайыртаулы, 1-орынды түркістандық Бекарыс Шойбеков, бас жүлдені шиелілік дүлдүл Ержан Әміров иеленді.

Ал, Шиелі кентіндегі «Арман» мәдениет үйінде есімі елге белгілі Сыр бойының саңлағы, қарымды қаламгер, қайраткер азамат, туған топырағының тарлан тұлғасы, ақын Дүйсенбі Смайыловтың 90 жылдығына арналған «Дәуір



дүлдүл Дүйсенбі» атты облыстық жас ақындар мүшәйрасы ел-жұрттың ыстық ықыласына бөленді.

Игі шараны аудан әкімінің орынбасары А.Жандарбеков ашып беріп, жас ақындарымызға сәттілік тіледі. Байқауға облысымыздың түкпір-түкпірінен келген 15-21 аралығындағы жас ақындар қатысты. Айтыскер ақын Талғат Күзенбаев жас талаптардың шабытына шабыт қосып, жырдан шашу шашты.

Жазба ақындар сайысының қорытындысы бойынша бас жүлдені Қызылорда қаласының ақыны Асқар

Әли иеленсе, бірінші орын шиелілік Елдар Әмірханға бұйырды. Ал, 2-орынға Қызылорда қаласының жас ақыны Аружан Нұрадин ие болды. 3-орын сыйлығын Қызылорда қаласының ақыны Санақұл Бексұлтан мен Жалағаш ауданынан келген Мейіржан Қартбай бөлісті. Мүшәйраға қатысқан барша талапкерлерге Д.Смайыловтың ұраптары атынан ақшалай сый-сияпаттар жасалды.

Бұл күні Шиелі өңірі алтын күздің шапағына оранып, өнердің ақ саулесіне бөленді.

КӨРМЕ

«Суретім – өмірім»

Облыстық тарихи-өлкетану музейінің филиалы С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясында қазақ мәдениетіне өзіндік үлес қосқан Сыр елінің белгілі тұлғалары Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Шахмұрат Сейтмұратовтың 70 жылдығына және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Сейтмұрат Ембергенновтің 90 жылдығына арналған «Суретім – өмірім» атты шығармашылық көрменің ашылу салтанаты өтті.

Сб Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»

Көрменің шымылдығын облыстық мәдениет және спорт басқармасы басшысының орынбасары Қуаныш Жанұзақов ашты.

— Шахмұрат Сейтмұратов – қазақтың бейнелеу өнерінде өзіндік қолтаңбасын қалдырған бірегей тұлға. Суретшінің тамаша туындылары терең мазмұнымен ерекшеленеді. Автордың шығармаларында ұлттық бірегейлігіміз, туған елге деген патриоттық сезім айшықтала түскен. Бұл отандық көркем өнер саласының ерекше құбылысы десек, қателеспейміз. Бүгінгі ұйымдастырылған шығармашылық көрменің маңызы зор. Суретшінің өнері мен шығармашылығы өскелең ұрпақ үшін отанына қалтқысыз қызмет етудің



жарқын мысалы болары сөзсіз, — деді ол.

Сейтмұрат Ембергеннов – Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Мәдениет саласының ардагері, Сырдария ауданының Құрметті азаматы. 1931 жылы А.Токмағанбетов ауылында дүниеге келген. 1949 жылы Қызылордадағы педагогикалық училищесін, 1959 жылы педагогика институтын химия-биология факультетін бітірген. «Құрмет белгісі» орденінің иегері.

Ал оның ұлы Шахмұрат Сейтмұратов 1969-1973 жылдары Алматыдағы Н.Гоголь атындағы көркемсурет училищесінде білім алған. 1973 жылдан бастап облыстық көркемөнер шеберханасында жұмыс істеген. 1974 жылы республикалық, бүкілодақтық және шет мемлекеттерде көрмелерге қатысып, 1981 жылы Мәскеудегі Суретшілердің Бүкілодақтық Симпозиумының қатысушысы болған. Шығармашылық жұмыстары Қазақстан Суретшілер одағының қорында, Мем-

лекеттік Ә.Қастеев атындағы өнер музейінде, Канада және Германия мемлекеттерінде сақтаулы.

Шығармашылық көрмеде облыстық қоғамдық кеңес төрағасы Әріп Хожбанов пен Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының төрағасы Қаршыға Есімсейітова есетік айтты. Ал ақын Ақтөре Ибрагимұлы белгілі тұлғаларға арнап өлең оқыды.

Экспозицияға Сейтмұрат Ембергенновтің 30-ға жуық шығармашылық жұмысы және Шахмұрат Сейтмұратовтың қазақ батырларының бейнесі, тылсым табиғат көріністері, халықтың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрін бейнелеген 95 дана туындысы қойылып, көрермендерге таныстырылды.

Көрме соңында авторға облыстық мәдениет және спорт басқармасы басшысының Алғыс хаты табыстылып, сый-сыяпат берілді.

Айта кетейік, аталған көрме 20 қарашаға дейін жалғасады.



Отставкасын қабылдады

Ұлыбритания королі Ш Чарльз премьер-министр Лиз Трасстың отставкасын қабылдады. Осылайша, Трасс өз кызметінде бар болғаны 49 күн өткізді. Енді Ұлыбритания үкіметін Риши Сунак басқарады. Ол ел тарихындағы ең жас премьер-министр және бұл лауазымды атқарған алғашқы үндістандық саясаткер болады.

Трасс 20 қазанда зейнетке шығатынын хабарлаған. Ол өзіне жүктелген мандаттың міндеттерін орындай алмайтынын мойындады.

Император ингвиндері

АҚШ үкіметі 25 қазанда император пингвиндерінің жойылып кету қаупі бар деп жариялады. Ғалымдар мұздықтардың еруі салдарынан Антарктиданың эндемигі саналатын құстар осы газарда жойылып кетуі мүмкін екенін айтады.

Мұздың ерте жарылуы салдарынан 2016 жылы Халей шығанағында император пингвиндерінің екінші үлкен колониясының 10 мыңнан астам балапаны өлген. Балапандар жүзуге әлі дайын болмағандықтан, суға батып кеткен. Колония әлі қалпына келген жоқ. Климаттың өзгеруі сондай жағдайлардың қайталану қаупін төндірді.

Құтқарушы егеуқұйрықтар

Бельгияда егеуқұйрықтарды үйінді астынан адамдарды құтқаруға үйрете бастады. Бельгиялық коммерциялық емес ұйым «АРОПО» жобасы аясында кеміргіштерге кеудеше киізіп, кішкентай бейнекамераны жабықтап, үйінді астынан адамдарды табуға үйретуде. Кеміргіштер аптасына бес күн 15 минуттан тренажерда жаттығуда.

Егеуқұйрық үйінді астында қалған адамды тапқан соң кеудешесіндегі дабыл қағатын түймені басауы керек. Болашақта зардап шеккендермен байланысу үшін кеудешеге микрофон орнатылуы мүмкін. Мамандардың айтуынша, әрбір егеуқұйрықты үйрету үшін тоғыз-он екі ай қажет.

«СБ» ақпарат

Жарамсыз деп есептелсін

«Брусчатка.кзо» ЖК-ның (ЖСН 931225401570) мөрі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы және Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалы белгілі каламгер, Шиелі ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы Өркен Исмаилға жұбайы

Рая Рахимованың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы серіктестіктің есепші-кассирі Жанат Айтбаеваға әкесі

Нұрсалы Қарабатыртың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы серіктестіктің экономика және МТЖІ бөлімінің маманы Венера Ташпеноваға қайынатасы

Қуаныш Сәдуақасұлының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.